Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Қызығушылықты ояту.** Сәлеметсіңдер ме балалар! Бүгін бізге қонаққа Ұзын құлақ қоян келді. Қоянмен сәлемдесейік. Сәлеметсің бе қоян! **Қоян:** Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендерге орманнан секіріп келе жатып, бір тесіктің астынан қорап тауып алдым, оның қасында хат	**Тосын сәт** Педагог байқамай бұрылып, ыңылдап, арқасында қорапшасы бар аю қуыршағын шығарады. Балалар, мен бізге біреудің келе жатқанын естіп тұрмын. Аюды көрсетеді. Балалар, бұл кім? Балалар : Аю. Аю : О, о , қандай қиын ... мен ата-әжемнің қасына бармаймын. Аю не болды?	**Ғажайып сәт.** Балалар бүгін бізге қонақтар келіп отыр. Қонақтарды атаңдаршы. Балалар: Қоян, кірпі және аю. **Ой қозғау.** **Бірінші бізге не келді?** Тәрбиеші: Ал кірпі бізге немен келді? Поездбен Тәрбиеші: Кірпі бізге өзінің пойызы туралы тақпақ айтып береді.	**Психологиялық жаттығу. «Бір-біріңе күлімдеңдер»** **Қызығушылықты ояту.** Кеше мен кішкентай тышқанды кездестірдім ол маған көлік дегенді білмейтінін айтты . Кішкентай тышқан енді бізге қонаққа келеді, оған сендермен бірге **көліктің не екенін білуге көмектесейік .**	Тосын сәт. Есікті қағылады. Балалар, есігімізді біреу қағып тұр! Кім екенін қарайықшы! Мысық: Сәлеметсіңдер ме балалар! Миау миау! Мен сендерге қонаққа келдім Балалар, біздің мысық жұмбақ жасырғанды жақсы көреді. Оны табамыз ба?.

	түр екен. Бірақ қорап ашылмайды. Мен әлі кішкентай болғандықтан хатты оқи алмаймын. **Ой қозғау.** Балалар, қоянға көмектесеміз бе, хатта не жазылғанын оқып, қорапты ашып көрейік. **Хатты оқу.** «Сәлем менің қымбатты достарым!» Сендердің алдарыңда қорап жатыр,қарапайым емес, сиқырлы. Оны ашу үшін сиқырлы сөзді табу керек. Менің жұмбағымды шешу арқылы, сиқырлы сөз табасыңдар. Балалар, біз жұмбақты шешуіміз керек, сол кезде сиқырлы сандық ашылады, мұқият тыңдаңдар. **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** Төрт аяғы доңгелек Қозғалады орнынан, Жүреді ол доңгелеп, Жүйткиді желменен, Дауысы бар гүрілдек. **Жауабы: Машина.** Тамаша қарандаршы, сиқырлы сандық ашылды. Ал қорапта бірдеңе бар. Қоян: Ішінде не бар, көрейінші. Ішінде суреттің бөліктері жатыр. Қап, енді не істеуге болады?	Аю : Маша мені ата-жәжеме сыйлық әкелуге жіберді, қорап өте ауыр, мен оны көтермеймін. **Ой қозғау.** Балалар, аюға ауыр жүкті жеткізуге және ұзақ жолды жақындатуға не көмектеседі? Балалар : **Көлік** . **Аю:** Ал көлік дегеніміз не? Балалар : Адамға көмектесетін әртүрлі машиналар. **Аю :** Ал бізге көлік не үшін керек ? Баратын жерге тез жету үшін қажет. Ол бізге бір қаладан екінші қалаға, қаланы айналып, қала сыртына саяхаттауға көмектеседі. Ол адамдарды және әртүрлі жүктерді тасымалдайды. Балалар, жүк тасымалдайтын көлікқалай аталады ? **Балалар : Жүк көлігі** Жүк көлігінің суретін тауып , тақтаға іледі? Дұрыс. Адамдарды, жолаушыларды тасымалдайтын көлік қалай аталады? **Жолаушы көлігі** Жолаушылар көлігінің суретін тауып , тақтаға кім іледі? Жарайсыңдар. **Ой дамыту.** Балалар, аю көліктің қандай екенін түсінуі үшін оған әр түрлі көліктерді жасап сыйға тартайық. **Шығармашылық бұрыш.** Балаларды топқа бөлу.	**Тақпақ: «Поезд»** Ту-ту, ту-ту , Пойыз бар жылдамдықпен жүреді , Паровозды тіркеді. Жылдам жүйткіп жүреді. **Кірпі сенденен көмек сұрап келіпті:** Поездың вагондарын жасыл түспен боян беруді өтінеді. **Шығармашылық орталық** **Дид ойын: «Жасыл вагондар»** **Шарты:** вагондарды бояу. **Екінші не келді? Аю.** **Ал аю немен келді?** Жеңіл көлікпен. **Аю да бізге тақпақ дайындап келген.** Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тынымтаппайды. Төрт доңгелек доңгелер, Төрт аяқпен шаппайды. Аю да көмек сұрап келіпті. Машинасының доңгелектері көнерген, соған жаңа доңгелек керек екен. **Дид ойын: «Машинаға доңгелек»** **Шарты: Машинаға доңгелек жапсыру.** **Сергіту сәті** Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз, Ұшақ болып ұшамыз. Суда жүйткіп жүземіз. Кемелерді түземіз,	Сендер кішкентай тышқанға көмектесуге дайынсыңдар ма? Балалар : Иә, әрине! **Тосын сәт.** Есік қағылады, тышқан ойыншығын әкелді. **Тышқан :** Сәлеметсіңдер ме балалар. Балалар : Сәлем, кішкентай тышқан. Балалар мен көлік туралы білгім келеді. Көмектесесіңдер ме? Тышқанға көліктер туралы айтып, көліктерді сыйға тартайық. **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **1.**Бензинді сүт сияқты ішеді Алысқа жүреді. **(Машина)** **Дид ойын: «Сыйлық машина»** **Шарты:** Үзік сызықтарды қосу арқылы машина салу. Кабинасын қызылмен бояу. **Сұрақ-жауап** Машинада қандай геометриялық пішіндер қолданылған? Машинақандайбөлшектерден тұрады? **Кабина, кузов, доңгелектер, орындық, есіктер, руль.** 2. Қандай ғажап – ұзын үй Бар жолмен жүртты	**Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Шарты:** Үстелге қойылған тақырыптық суреттердің ішінен жауабын тауып, қажетті суретті көтеру. **Кеудесінде жаны жоқ,** **Тамырында қаны жоқ:** **Май жейді,Су ішеді.** **Бұл не екен балалар?** **(Автокөлік)** Мысық кезегі жұмбақты жасырады: **Көше бойлап аңдайды,** **Адам тасып аялдайды.** **(Автобус)** Мысық: Дұрыс, жарайсыңдар балалар! Жауабын суреттердің арасынан табыңдар. Міне, тағы да бір жұмбақ: **Аспанда жүзеді,** **Қанатын қақпайды.** **Жерде де жүреді,** **Бауырлап жатпайды.** **Бұл не? (Ұшақ)** Мысық: Жарайсыңдар балалар! Тәрбиеші: Балалар, мына суреттердің барлығын бір сөзбен қалай атауға болады? (Көліктер) Дұрыс, балалар, бұл көлік. Көлік адамдар мен жүктерді тасымалдайды. Көлікті жүргізетін адамды жүргізуші деп атайды. Мысық: Балалар, мен

	Қонақ, көңілінді түсірме. Біз балалармен саған көмектесеміз. Біз барлық суреттерді жинап, не шыққанын көрсетеміз. **Дидактикалық ойын «Суреттерді жина»** **Шарты:** Қиынды суреттерді құрастыру. Суретте не бейнеленген? Балалар: Ұшақ. Дұрыс Сендер білесіндерме, ұшақ ауада ұшады, ал ұшақты ұшқыш басқарады. - Сендер ұшақпен ұшқыларын келеді ме? Балалар : Иә. Тәрбиеші: Олай болса қонақ ұшқыш болсын, ал сендер ұшақ болыңдар. **Сергіту сәті.** Ұшуға дайындаламыз - топпен жүгіру, қолдар екі жаққа. Назар аударыңдар, қатты жел - оңға және солға еңкейеді. Тепе-теңдікті сақтау - қолдарың екі жаққа тік ұстау. Төмен түсеміз - жартылай еңкейіп жүру, қалды екі жаққа. Жылдамдықпен - орнынан тұрып, шеңбер бойымен жүгіру. Біз қонамыз – тізені бүгу. Міне балалар, ұшақпен ұшыңдар. Ал сықырлы қорапта тағы да суреттер бар.	**1-топ: Поезд құрастыру** **Сұрақ –жауап.** Поезд қандай көлік түріне жатады? Қандай жолмен жүреді. Поездың пішіні қандай? **2-топ: Машинаны бөліктерін біріктіру арқылы жапсыру.** **Сұрақ-жауап.** Машина қайда жүреді? Машинаны кім жүргізеді? Қандай машина түрлерін білесіндер? **3-Топ: Ұшақ мүсіндеу.** **Сұрақ-жауап.** Ұшақ қайда ұшады? Ұшақты кім басқарады? Ұшақ бөліктерін ата **4-топ: Қайық суретін трафарет арқылы салу.** Сұрақ-жауап. Қайық қандай көлік түріне жатады? Қайық басқа жерде жүре ала ма? **Аю : Өте қызық,** жарайсыңдар балалар. Енді мен бұл көліктер туралы бәрін білемін . **Дид ойын: «Қандай көлік?»** Балалар, мен сендерге көліктің суреттерін көрсетемін , ал сендер көліктің қалайқозғалатынын көрсетесіңдер . Ал, Аю көлік деген не екенін түсіндіңбе? Аю : Иә түсіндім Енді ақды тексерейік, **Дид ойын: «Не артық?»** **Шарты: Төртінші артық затты тауып , өз ойын айту.**	Жол тәртібін сақтап, Машинаға мінемін **Үшінші не келді?** Ал түлкі немен келді ? Кемемен келді. Тәрбиеші: Түлкі де бізге тақпақ дайындап келіпті. **Тақпақ: «Қайық»** Шығып қала шетіне, Суға салсам қайықты Ағып судың бетінде Қалт-құлт етіп келеді. Түлкі қайығының ескегін жоғалтып алыпты, соған көмектесуді өтінін келген. **Дид ойын: «Ескек»** **Шарты:** Қайыққа ескек мүсіндеу. **Төртінші не келді?** **Қонақ** Балалар қараңдаршы, қонақ өзінің немен келгенін табу үшін бізге сурет дайындап қойыпты. **Дид ойын: «Неңің суреті»** **Шарты:** Қиынды суреттерді құрастыру. Шыққан суретті атау. **Ой дамыту.** Адамдар неге көлік, кеме, ұшақ, пойыз пайдаланады. Балалар: мінеді, ұшады, жүзеді. Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Осының барлығы адамдарды және жүктерді тасымалдауға пайдаланылады. Ал мұның барлығын (автокөлік, пойыз, ұшақ, қайық) бір сөзбен қалай атауға	тасып жүр. Жылдамдыққа басып жүр. **автобус.** **Дид ойын: «Бөлігін тап»** **Шарты:** Автобустың жетіспеген бөлігін тауып жапсыру. **Сұрақ-жауап** Автобус бөліктерін ата. Автобус не үшін керек? Автобустың түсі қандай? **3.Аспанда жүзеді,** Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. **Ұшақ** **Дид ойын: «Не жетіспейді?»** **Шарты: Ұшақ қанатын мүсіндеп қосу.** Ұшақ қайда жүреді? Ұшақта неше қанат бар? Жарайсыңдар! **Дид ойын: «Неңің даусы?»** Шарты: Берілген көліктердің дауысын айыра білу. (Автомобиль, пойыз, тікұшақ, пароход, ұшақ, трактор) Тыншқанының үйге кететін уақыты келді. Бүгін тыншқанды немен таныстырдық? Балалар : **Көлік.** Тыншқан, бәрі есіңде ме? Тыншқан : Иә, мен көп	сендерге суреттерден басқа жаңа ойыншықтар әкелдім. **Ғажайып сәт.** Төпқа жүк көлігі (ойыншық)«келеді». **Ой қозғау.** Балақайлар бұл не? Балалар: көлік Ол қандай? Үлкен бе, әлде кішкентай ма? (үлкен) Көліктің несі бар? (кабинасы, сырты, доңғалектері) Көлік қандай түсті? Доңғалектердің түсі қандай? Пішіні қандай? Доңғалектер не үшін қажет? Балалар, жүк көлігімен не тасымалдауға болады? (тас, құм, жиһаз…) **Мысық:** Жүк көлігінен басқа мен сендерге тағы бірдеңе әкелдім! (Ойыншық ұшақты шығарып, сұрақтар қояды) **Сергіту сәті:** Бір, екі, зымыран түр! (қолдары жоғары созылған) Үш, төрт, ұшақ! (қолдары екі жаққа созылған) Бір, екі – қолды шапалақта (қолдарын шапалақтау) Содан кейін әрбір ұпай үшін (бір орнында жүру) Қол жоғары, ық тік

	Дид ойын: «Көліктер» ***Шарты:*** *Балалар көліктің суретін жинайды.* ***Ой дамыту.*** *-Көліктер қандай бөліктерден тұрады?* *-Оны кім жүргізеді?* *-Көлік не үшін керек?* *Сиқырлы сандықта соңғы суреттер қалды, оны жинап алайық.* ***Дид ойын: «Бұл не?»*** ***Шарты:*** *Балалар кеменің суретін жинайды.* *Сұрақ – жауап* *Кеме қандай көлік түріне жатады?* *Кемені қайдан көруге болады?* *Кеме машина жолмее жүре алама?* *Кеме суда жүреді, оны капитан басқарады.* *Қоян: Маған әдемі кеменің суретін беріңдерші, достарыма көрсетемін.* *Шығармашылық бұрыш.* *Балаларды топқа бөлу.* ***1-топ:*** *Дайын кеме суретін бояу.* ***2-топ:*** *Теңіз суретіне кеме суретін жапсыру.* *«Құрметті достар»* *Сіздер сиқырлы қораптың барлық тапсырмаларын орындадыңыздар және сиқырдың жоғалмағаны үшін қорапты жабу керек.* *Ұшақты, машинаны және кемені бір сөзбен қалай*	*жедел жәрдем, арт сөндіру көлігі, полиция көлігі, кеме.* *Аю қиналады, балаларды шақырады.* *Балалар аюдың қателерін түзетеді* *Жарайсыңдар балалар. Аюға тапсырманы орындауға көмектесті.* *Ой қозғау* *Аю сен қорабыңмен бірге қандай көлікке мінгің келеді.* *Аю: Машинаға мінемін.* *Менің кететін уақытым болды. Рақмет сендерге балалар* *Сау болыңдар.* ***Қортынды*** *Сұрақ –жауап.* *Бәрі бірге* *«Жолың болсын!» - дейді* *-Атам шықса сапарға* *«Жолың болсын!» - дейді* *Апам шықса сапарға* *«Жолың болсын!» - дейді атам.* *«Жолың болсын!» - дейді олар* *Үлкенге де кішіге.* *«Жолың болсын!» - дейді олар* *Ұшырасқан кісіге.* *Осы сөзде байқадым* *Қуат барын, күш барын* *«Жолың болсын!» - айтамын,* *Алыс жолға шықса кім.*	*болады?* *Балалар: Көлік.* *Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар.* ***Дид ойын: «Сиқырлы доп»*** *Шарты: балалар допты бір-біріне кезекпен беріп, суретті көрсетеді, бала допты қағып алады және бұл көліктің қалай қозғалатынын айту.* *Түлкі біздең көлік пен кеменің айырмашылығы неде деп сұрайды.* *Балалар: кемелер жүзеді, ал көлік жол бойымен жүреді.* *Бұл автобус. Автобус жол бойымен келе жатыр.* *Бұл ұшақ. Аспанда ұшақ ұшады.* *Бұл қайық, суда қайық жүзеді.* ***Қортынды.*** *Балалар айтыңдаршы бүгін бізге қонаққа нелер келді?* *Балалар: түлкі, қоян, аю, кірпі.* *Тәрбиеші: Ал олар бізге не үшін келді?* *Балаларды мадақтау.*	*қызықты нәрселерді білдім* *Балалар тышқанға сыйлыққа берген көліктеріне гараж құрастырып берейік.* ***Дид ойын: «Гараж»*** ***Шарты:*** *Текшелерден көліктерге гараж салу.* *Мен барлықдостарымаайтамын, рахметбалалар, сау бол!* *Балалар:Сау бол, кішкентайтышқан!* ***Балаларды мадақтау.***	*(қолдары жоғары және төмен)* *Бір, екі, үш, төрт (қолдарын шапалақтау)* *Бір орында жүреміз! (бір орында жүру)* *Мысық келесі ойыншықтарды шығарады: автобус, мотоцикл. Балалармен бірге қарастырады, сұрақтар қояды.* *Тәрбиеші: Міне, Мысық бізге көліктің неше түрін әкелді! Ал енді сендермен бірге жол салып, көліктерді жол бойымен жүргізейік.* ***Дид ойын: «Көлікке арналған жол»*** ***Шарты: Жол құрастыру.*** *Геометриялық пішіндерден жол салады және оның бойымен көліктерді жүргізеді.* ***Дид ойын: «Бағдаршам көздері»*** ***1-топ:*** ***Шарты:*** *Бағдаршам көздерін ретімен жапсыру.* ***2-топ:*** ***Шарты:*** *Бағдаршам көздерін бояу.* *Ал біздің қонағымыз Мысық сендермен қоштасады.* *Мысық кетіп қалады.*

	атауға болатынын есте сақтаңыз, сонда сиқырлы қорап жабылады. ***Дид ойын: «Кім жылдам»*** ***Шарты:*** *Жұмбақ шешуін тауып, қорапты жабу.* *Жүктер мен адамдарға қызмет етеді,* *Түрлері көп жүретін* *Көкте зулап, суда шулап,* *Құрлықта зырғып жүреді.* *Жауабын кім біледі* ***(Көлік)*** *қорап жабылады.* *Педагог қоянға бұрылып:* *Қоян, балалар саған көмектесті ме?* *Қоян: Иә, олар көп көмектесті. Мен көптеген жаңа нәрселерді білдім. Ұшақ, көлік және кеме туралы. Рахмет балалар , мен орманға жеттім, достарыма айтамын, суреттерімді көрсетемін.* ***Қош бол достар.*** ***Сау бол, қоян.*** ***Қортынды:*** *Тәрбиеші: Бүгін біз не туралы сөйлестік?* *Балалар: Ұшақ, машина, кеме туралы.* *Ұшақты кім басқарады?* *Балалар: Ұшқыш.* *Көлікті кім жүргізеді?* *Балалар: Жүргізуші.* *Кемені кім басқарады?* *Балалар: Капитан.* *Ұшақ қайда ұшады?*				

	Балалар: Әуе арқылы. Көлік қайда барады? Балалар: Жолда. Кеме қайда жүзіп барады? Балалар: Су арқылы, Теңіз арқылы. Ал бір сөзбен ұшақты, машинаны, кемені қалай атауға болады? Балалар: Көлік. Жарайсыңдар.				
Екінші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Тазалық процедурасы. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.	*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды үйрету..*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту,*	*Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*
Серуен	***Картотека № 3*** *Суық торғайды бақылау.*	***Картотека № 4*** *Бұршақты бақылау.*	***Картотека № 5*** *Қыстап қалатын құстарды бақылау*	***Картотека № 9*** *Қырауды бақылау.*	***Картотека № 18*** *Аяздың терезеге салған суретін бақылау.*
	Экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. **Қысқы серуен картотекасынан**				
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасауды үйрету.*				
	Киімдерін шешу: *Киімдерін жинақтап қоюға бағыттау.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, сүлгісіне сүрту.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде әдептілік*	***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін шешіп болған соң бір-бірінің затын алмауды үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият жуу, сүлгісін таза ұстау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамауды, сабынды*	***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін реттілікпен шешіп, бүктеп қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жақсылап сабындап жуу, сүлгісін пайдалану.* ***Гигиеналық шаралар:***	***Киімдерін шешу:*** *Әр баланың өз киімін орнына қоюын қадағалау.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, дұрыс сүртуін талап ету.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде сабынды дұрыс пайдалану.*	***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін шешіп, орындарына ұқыптап қоюға дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын екі рет сабындап жуу, сүлгісін қолдану.* ***Гигиеналық шаралар:***

	сақтау. **Түскі асқа дайындық:** Қолдарын жуған соң үстелге жайғасу.	үнемдеуді түсіндіру. **Түскіасқадайындық:** Балалардыорындарынаотырғыз у.	Жуыну кезінде сумен ойнамауға дағдыландыру. **Түскі асқа дайындық:** Ас алдында қолдарын міндетті түрде жуу.	**Түскі асқа дайындық:** Балаларды үстел басына тыныштықпен отырғызу.	Жуыну кезінде суды шашпай, сабынды артық пайдаланбауды түсіндіру. **Түскі асқа дайындық:** Ас алдында қолдарын жуып, орындарына отыру.
Түскі ас	Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну дағдыларын түсіндіру. Ас кезінде қауіпсіздік шараларын ескерту.				
	Әңгіме: – Ас ішіп отырғанда ойынықты әкелмейміз. Ас – ойын емес, денсаулыққа қажет. **Қауіпсіздік:** – Ас үстінде орыннан тұрып жүгірмейміз.	**Әңгіме:** – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Сондықтан асты төкпей жейміз. **Қауіпсіздік:** – Дастарқанды былғамай, таза ұстауымыз керек.	**Әңгіме:** – Әдемі отырған балаға бәрі риза болады. Ас үстінде тып-тыныш, түзу отырайық. **Қауіпсіздік:** – Қолымызды сермемейміз, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.	**Әңгіме:** – Асқа құрметпен қарасақ, ол берекелі болады. Әрбір ас – сый. **Қауіпсіздік:** – Қасық пен шанышқыны бір-бірімізге бағыттамаймыз.	**Әңгіме:** – Үнемді бала – тәртіпті бала. Су мен асты үнемдеп пайдалансақ, табиғатты да, еңбекті де бағалаймыз. **Қауіпсіздік:** – Ас үстінде шуламаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз.
Күндізгі ұйқы	Өз төсек орындарын дайындап жатуға дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды қысықтау..	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, жинауға үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Күндізгі ұйқы ережелерін түсіндіру. Кроватта секрмеу, төсекті ашу, ұйқы кезінде достарына кедергі келтірмеу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***Жаттығу кешені №10*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық ,* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық*
	«Еңбегі адал жас орен» - өз-өзіне қызмет жасау, жаттығу жасау, киіну. **Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан**				
Бесін ас	Ас ішу кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.				
	Әңгіме: – Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі. **Қауіпсіздік:** – Ас ішіп отырғанда	**Әңгіме:** – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі. **Қауіпсіздік:** – Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы	**Әңгіме:** Бүгін біз ас үстіндегі әдептілікті тағы да еске түсірейік. Ас үстінде тыныш отырып, тамақтанған дұрыс. **Кеңес:**	**Әңгіме:** – Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі. **Қауіпсіздік:**	**Әңгіме:** – Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік. **Қауіпсіздік:**

	арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.	*ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.*	*Тамақтың әрқайсысы денсаулыққа пайдалы. Сондықтан асты тауысып жеген жөн. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтып, бет-қолымызды жууды ұмытпайық.*	*– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.*	*– Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз*
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***ТӘЖІРИБЕ*** ***«Судың қасиеттері»*** ***Мақсаты: Судың қасиеттерімен таныстыру (пішіні бар, иісі, дәмі, түсі жоқ).*** ***Қолданылатын материалдар:*** *Әртүрлі пішіндегі бірнеше ыдыстар, су.* ***Процессі:*** *Әртүрлі пішіндегі мөлдір ыдыстарға су құйып, балаларға су ыдыстың пішінін қабылдай алатынын көрсету.* ***Қорытынды:*** *Судың пішіні жоқ және ол құйылып тұрған ыдыстың пішінін қабылдай алады.* ***Судың дәмі.*** ***Мақсаты:*** *Судың дәмі бар-жоғын білу.* ***Қолданылатын материалдар:*** *Су, үш стақан, тұз, қант, қасық.* ***Процессі:*** *Тәжірибе жасамас бұрын судың дәмі қандай екенін сұрау. Осыдан кейін балаларға*	***ТӘЖІРИБЕ*** ***«Су қатқан кезде кеңейеді»*** ***Мақсаты:*** *Қар жылуды қалай сақтайтынын анықтау. Қардың қорғаныш қасиеттері. Су қатқан кезде кеңейетінін дәлелдеу.* ***Барысы:*** *Температурасы бірдей екі бөтелкені серуенге шығару. Біреуін қарға көміп, екіншісін бетіне қалдыру. Су қалай өзгерді? Қарға көмілген су неге қатпады?* ***Қорытынды:*** *Қарға көмілген су қатпайды, өйткені қар жылуды сақтайды, ал бетіндегі су мұзға айналды. Егер мұзға айналған бөтелке жарылып кетсе, онда су қатқан кезде кеңейеді деген қорытындыға келу.*	***ТӘЖІРИБЕ*** ***«Қардың еруінің температурага тәуелділігі»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға қар (мұз) күйінің ауа температурасына тәуелділігі туралы түсінік беру. Температура негұрлым жоғары болса, қар соғұрлым тез ериді.* ***Барысы:*** *1) Аязды күні балаларды домалақ қар жасауға шақыру. Неліктен домалақ қар жасалынбайды? Себебі, қар ұсақ, құрғақ. Не істеуге болады? Қарды бір топқа жинап, бірнеше минуттан кейін домалақ қар жасауға тырысу. Домалақ қарлы жасалынды. Неліктен қар бір-біріне жабысты?* *2) Топтағы терезенің астындағы батареяға қары бар ыдысты қою. Қар қай жерде тез ериді? Неліктен?* ***Қорытынды:*** *Қар ауа температурасына байланысты өзгереді. Температура негұрлым*	***ТӘЖІРИБЕ*** ***«Табиғи үлкейткіш әйнек»*** ***Мақсаты:****Жәндіктерді үлкейткіш әйнектің көмегінсіз үлкейту жолын көрсету.* ***Қолданылатын материалдар:*** *үш литрлік банка, тағамдық пленка.* ***Процессі:*** *Сіз жәндіктерді үлкейткіш әйнексіз көру үшін үлкейту әдісін білесіз бе? Шыны ыдыстарды абайлап ұстау. Үш литрлік банкаға жәндіктерді салу. Жоғарыдан, банканың мойынына тарту (тағамдық пленканы созбаймыз). Пленканы жіппен немесе резеңкемен байлау, ал ойыққа су құю. Нәтижесінде ең кішкентай бөлшектерді көруге болатын «үлкейткіш әйнек» пайда болды.* ***Қорытынды: Судың үлкейту қасиеті бар.*** ***Дене тәрбиесі*** *Кіріспе бөлім. Амандасу.*	***ТӘЖІРИБЕ*** ***«Менің добым»*** ***Мақсаты:*** *Жеңіл заттардың суда қалқып қана қоймай, сонымен қатар судан «секіріп кетуі» мүмкін екендігі туралы түсінік беру. Тапқырлықты, зейінді, байқағыштықты дамыту.* ***Қолданылатын материалдар:*** *су толтырылған шағын ванна, кішкентай резеңке доп, майлық, қарындаш, қағаз.* ***Процессі:*** *Доппен тығылыспақ ойынын ойнау.* *- Доп суға батады ма? Балаларды допты қолдарымен ұстап көруді ұсыну. - Ол қандай? (серпімді, жеңіл). Су толтырылған шағын ваннаға допты салу. - Допқа не болды, неге ол батпайды? (Доп қалқып тұрады, ол жеңіл). Балаларға допты ваннаның түбіне дейін батырып, қолдарымен*

	қарапайым қайнаған суды ішуге беру. Содан кейін бір стақанға түз, ал келесісіне қантты араластырып, балаларға дәмін көруге беру. Енді судың дәмі қалай өзгергенін айту. **Қорытынды:** Судың дәмі жоқ, бірақ оған қосылғанзаттыңдәмінқабылдайды.		жоғары болса, қар сығұрлым тез ерің, оның қасиеттерін өзгертеді.	**Теңізшілерге айналып кememен саяхатқа шығуды ұсынады.** Сапқа түру. Зал ішінде бір қатармен жүру (тізелерін жоғары көтеріп, аяғының ұшымен, жыландай иректеліп жүру) Аяқтың ұшыменжүгіру. Тыныс алужаттығуы: Иықтарға үрлейік, Ішті де біз ұмытпайық. Түрбаға айналып ауызмыз. Бұлтқа да бір үрлейік, Сәл ғана сосын тоқтайық. Жылдамдата керілейік, Бір-бірімізге күлімдейік, Сәлемді біз жолдайық. Гимнастикалық таяқшамен орындалатын ЖДЖ. **1.Теңізшілер жүріп, жүріп, Алаңқайға жетті.** Гүл жанына таянып, Жаттығуға кірісті. (Таяқты бастан асыра жоғары көтереді) **2.Толқынға назар аударып Айналасын да бақылады.** (Таяқты иығында ұстап, бұрылулар жасайды) **3.Теңізшіге керек тазалық.** Палуба түр жарқырап. (алға қарай еңкейеді) **3.Теңізде көңілсіз болмасын** «Теңізші» биін орындасын (отырады) **4.Дауылда тоңып жаурамай,** Секіріп алсын тоқтамай. (Секірулер)	ұстап тұрып, жіберіп қалуды ұсыну. - Допқа не болды? (Ол судың бетінен секіреді). **Қорытынды:** Доп ауамен толтырылған, ол жеңіл және жеңіл заттар суда батпайды. Су жеңіл заттарды судың бетінен итереді.

				Тыныс алу жаттығулары: «Күткару дөңгелегін үрлейік» *Қимылдың негізгі түрлері:* ***Массажды жолмен жүру.*** ***1.«Желкенді жаямыз»*** *(педагогтің көмегімен).* *Арқан үстіндежүру.* ***2.«Құралдардан секіріп от»*** *(сызық үстіненсекіру).* *Бірнеше параллель сызықтар үстінен екі аяқпен секіру (арақашықтығы – 20 см).* *Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңізшілер»* *Теңізшілер көңілді ғой, Ылғи жақсы жүреді. Бос уақыт кезіксе,* *Ән салып, би билейді.*	
Балалармен Жеке жұмыс	***«Жақсы іс – жаман іс»*** ***Мақсаты:*** *Әдептілікке тәрбиелеу.* ***Жүргізу түрі:*** *Тәрбиеші іс-әрекеттерді атайды. Бала «Жақсы» немесе «Жаман» деп айтады. («Досыма көмектестім – жақсы», «Ойыншықты сындырдым – жаман»).* ***Айзада, Аян***	***«Жүрек сыйлаймын»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды мейірімділікке баулу.* ***Жүргізу түрі:*** *Қағаздан жасалған кішкентай жүректер беріледі. Әр бала жүректі досына сыйлап, «Мен сені жақсы көремін» деп айтады.* ***С.Әміре,Қадиша***	***«Қылы жаңбыр»*** ***Мақсаты:*** *Баланы тыныштандыру, эмоциясын реттеу.* ***Жүргізу түрі:*** *Балалар көзін жұмады. Тәрбиеші: «Қылы жаңбыр тамшылап түр, ол сенің көңіліңді қуантты» деп сипаттайды.* ***Расул, Айша***	***«Жақсы қасиеттер себеті»*** ***Мақсаты:*** *Өзін-өзі бағалауды арттыру.* ***Жүргізу түрі:*** *Себетке жақсы сөздер жазылған қағаздар салынады («Мейірімді», «Ақылды»). Бала біреуін таңдап, дауыстап оқиды.*	***«Сиқырлы бұлт»*** ***Мақсаты:*** *Жағымсыз эмоциядан арылту.* ***Жүргізу түрі:*** *Бала қиялдайды: «Бұлтқа ашуымды, реніштімді беремін». Кейінбұлттыүрлепұшырады.*
Кешкі ас	*ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі* ***Гигиеналық шаралар*** *(қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Сылдырлайды мөлдір су")* ***Тамақтану*** *(өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты қабылдау, сөйлеспеу, Алғыс айту)*				
	«Еңбегі адал жас орен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				

	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	*Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімнің бауын байлауды , киімдегі ілгіштықтарды жөндеуді қадағалау.*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*
Серуен	***Картотека № 3*** *Сұық торғайды бақылау.*	***Картотека № 4*** *Бұршақты бақылау.*	***Картотека № 5*** *Қыстап қалатын құстарды бақылау*	***Картотека № 9*** *Қырауды бақылау.*	***Картотека № 18*** *Аяздың терезеге салған суретін бақылау.*
	Еңбек адал жас өрен, серуен кезінде еңбек дағдыларын, экологиялық мәдениетті дамыту. ***Таңғы серуенді бекіту.***				
Серуеннен оралу	*Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.* ***(дербес қимыл әрекеті).***				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық, сюжеттік-рөлдік,үстел-үсті,баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті,кітап қарау және бақалары)	***Ертеңгі оқу*** ***"Бауырсақ"*** ***Мақсаты:*** *таныс шығармаларды қайталау кезінде сюжетті сақтау қабілетін дамыту, диалогтық сөйлеуді жетілдіру.* ***(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, танымдық, коммуникативтік дағды)***	***Көңілді күн*** ***Мақсаты:*** *Сары түсті ермексаздың кесегін екі алақанмен домалақтау және жалпақтау дағдысын қалыптастыру,күнжасауды, күннің бейнесін айқындау үшін қосымша заттарды пайдалануды үйрету* ***Мүсіндеу*** ***Шығармашылық дағды***	***Доп*** ***Мақсаты:*** *Балаларды ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. Өз бетінше жұмыс жасауға, үйрету.Шағын әңгіме құрастырту.* ***мүсіндеу шығармашылық дағды)***	*«Артығын тап»* ***(сенсорика)*** ***Мақсаты:****Балалардың қиял шығармашылығын логикалық ойлауын дамыту.* ***танымдық, коммуникативтік дағды)***	***Тақпақ жаттату:*** *«Бала бала балақан» тақпақ жаттау.* ***Мақсаты;*** *балаларды тақпақты анық, мәнерлеп айтуға үйрету.* ***танымдық, коммуникативтік дағды)***
Балалардың үйге қайтуы	*Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*				
	Бүгін балалар түрлі киімдерді таныды. Күнделікті тұрмыстық заттарға қызығушылық білдірді. Үйде киімдердің атын атап, киінуге көмектесуге мүмкіндік беріңіз.	*Бүгін балалар серуенде айналадағы дыбыстарды тыңдады. Зейінін дамытып, байқағыштық көрсетті. Үйде терезеден қарап, «Бұл қандай дыбыс?» деп сұрау пайдалы.*	*Бүгін балалар түрлі пішіндерден сурет құрастырды. Қиялын дамытуға талпынды. Үйде доңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш арқылы сурет жасау ойынын ойнаңыз.*	*Бүгін балалар түрлі пішіндерден сурет құрастырды. Қиялын дамытуға талпынды. Үйде доңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш арқылы сурет жасау ойынын ойнаңыз.*	*Бүгін балалар түрлі пішіндерден сурет құрастырды. Қиялын дамытуға талпынды. Үйде доңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш арқылы сурет жасау ойынын ойнаңыз.*

Ұсыныс_____

Әдіскер: _____ **Камза Сайранғүл**

«Ботакан» орта топ тәрбиешілері:
_____ **Өнерхан Алмагүл**
_____ **Карбаева С.М**

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы IV-апта

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 26.01.2026	Сейсенбі 27.01.2026	Сәрсенбі 28.01.2026	Бейсенбі 29.01.2026	Жұма 30.01.2026
Балаларды қабылдау	*Күн күмбірі – өнер мен қолөнерді қадірлеуге үйрету.*	*Күн күмбірі - баланы салт-дәстүрге жақындату, рухани қазынаны сезіндіру.*	*Күн күмбірі - намыс пен жігерге тәрбиелеу.*	*Күн күмбірі - ағаны ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу, мәдениетке баулу.*	*Күн күмбірі - қазақы болмысты сақтауға үйрету.*
	Балаларды «Жылы сөз айтайық» ойынымен қарсы алу (әр балаға «сен әдемісің», «сен мейірімдісің» т.б.). Баланың көңіл-күйін жүрекшелер арқылы таңдауға мүмкіндік беру. Баланы үстел үсті ойыншықтарына бағыттау.	*Баланы есік алдында шағын «Сәлемдесу биімен» қарсы алу. Баланың көңіл-күйін тексеру, жылы сөз айту. Баланы шағын топпен ойынға қосу.*	*Балаларды «Күн сәулесі» ойынымен қарсы алу (әр балаға қағаз күн сәулесін беру). Баланың көңіл-күйін анықтап, смайликтер тақтасынан таңдауды сұрау. Бала өзін еркін сезіну үшін жұмсақ ойыншықтар бұрышына жіберу.*	*Баланы «Қуанышты қадамдар» ойынымен қарсы алу (бірге секіріп кіру). Баланың көңіл-күйін әңгімелесу арқылы анықтау. Топтағы балалармен ортақ ойынды ұйымдастыру.*	*Баланы қол шапалақтау арқылы қарсы алу («Сәлем, сәлем, досым!»). Баланың көңіл-күйін сурет арқылы бейнелеуді сұрау. Баланы музыка бұрышына бағыттау (шағын аспаптарды ойнау).*
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*				
	***Әңгіме:** Жаттығулар – баланың денесін шынықтырып, қимыл-қозғалысын жетілдіреді. **Кеңес:** Балаңызға таңертең жеңіл жаттығуларды күнделікті жасауға үйретіңіз.*	***Әңгіме:** Қимыл-қозғалыс ойындары баланың ептілігін, шапшаңдығын дамытады. **Кеңес:** «Секіртпе секіру», «Доп ойнау» сияқты қарапайым ойындарды балаңызға үйретіңіз.*	***Әңгіме:** Жаттығулар – баланы төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелейді. **Кеңес:** Балаңызға күн сайын 5–10 минут жаттығу жасауға үйретіңіз.*	***Әңгіме:** Қозғалыс белсенділігі – бойдың дұрыс өсуіне және дене сымбатына әсер етеді. **Кеңес:** Балаңызға ашық ауада қимылды ойындар ойнауды үйретіңіз.*	***Әңгіме:** Спорт пен қимыл-қозғалыс – баланың көңіл-күйін көтеріп, сергек болуына көмектеседі. **Кеңес:** Балаңызға отбасымен бірге спорттық ойындарға қатысуды үйретіңіз.*
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,	***Картотека № 3** **Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»** Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.*	***Картотека №4** **Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»** Мақсаты: Балалар мақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы табиғат туралы түсінеді.*	***Картотека № 7** **Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»** **Мақсаты:** балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау дағдыларын*	***Картотека № 9** **Дид ойын: «Құстарға комек береміз»** **Мақсаты:** Балалар құстар туралы суреттермен жұмыс жасап, өз ойларын айта алады.*	***Картотека № 10** **Дид ойын: Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы олардың айырмашылық-тарын айта алады.*

бейнелеу, дербес және басқалары)			түсінеді.		
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңғы жаттығу	*Қаңтар айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қаңтар айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қаңтар айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қаңтар айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қаңтар айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*
	Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. *Жаттығу кешені қосымша тіркелген*				
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру. Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту*				
	Әңгіме: *– Тәртіпті бала ас ішіп отырғанда шуламайды, бәріне үлгі болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстелге қатты қоймаймыз, сындырып алмау үшін.*	***Әңгіме:*** *– Жеміс-жидек пен көкөністе дәрумендер бар. Олар бізді ауырмай, сау жүруге көмектеседі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Жемісті асықпай, майдалап шайнаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық алып, қалдырып қою – ысырап.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, асығып жеген дұрыс емес.*	***Әңгіме:*** *– Ыдысты дұрыс ұстасақ, тамақ төгілмейді. Ыдысқа асымызды абайлап саламыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкен бала күшті, сергек болады. Ас – денсаулықтың қайнары.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асқа үрлеп ішеміз, күйіп қалмау үшін.*
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)					
	Ойын: «Жалғастырып айт» *Тәрбиеші бастайды: «Күн жылы болса...» Балалар: «Ойнаймыз», «Жүгіреміз».* *Мағынасы: қимылды дамыту.*	***Ойын: «Суреттегі ертегі»*** *Тәрбиешіі ертегіден сурет көрсетеді. Балалар: «Бұл – Қызыл телпек», «Бұл – Бауырсақ» деп атайды.* *Мағынасы: кейіпкерді тану, сөздік қорды дамыту.*	***Ойын: «Жылы сөз айтайық»*** *Балалар шеңберге тұрып: «Сен әдемісің», «Сен мейірімдісің» деп бір-біріне айтады.* *Мағынасы: әдемі сөйлеу, мейірімділік.*	***Ойын: «Кім қандай дыбыс шығарады?»*** *Тәрбиешіі: «Құстар қалай сайрайды?», «Жаңбыр қалай жауады?» Балалар еліктейді.* *Мағынасы: қимылды, шығармашылықты дамыту.*	***Ойын: «Қуыршаққа көмектесейік»*** *Тәрбиешіі: «Қуыршақ киімін жоғалтып алыпты. Кім көмек береді?» Балалар қуыршаққа киім кигізуге көмектеседі.* *Мағынасы: қамқорлық пен еңбекқорлық.*

Кестеге сәйкес ҮІӘ		Дене тәрбиесі: 9.00-9.15	Дене тәрбиесі: 9.00-9.15 Қазақ тілі: 9.20-9.35	Дене тәрбиесі: 10.10-10.25	Музыка: 9.20-9.35
	«Балалар кітапханасы» - Әжелер мектебі негізінде , әжемнің ертегісі үй.				
	Жеті лақ. **Ой қозғау.** - Балалар қасқыр туралы не білесің дер? - Қандай жануар?- Ешкі,лақ қандай жануар?- Лақ туралы қандай өлең,тақпақ білесіңдер. Ертегі тыңдаған ұнай ма сендерге? **Ертегі әлемі бұрышы.** Ертегіні мнемокесте бойынша түсіндіру.  **Ертегі желісінен сұрақ – жауап.** Ешкі не үшін орманға күнде барады? Орманда ешкі мен лақтардан басқа не болды? Ол лақтарға не деп ескертті? Лақтар есікті қалай ашып қойды? Кішкентай лақ қайда тығылып қалды?	**«Түлкі мен қоян» (ертегі)** **Қызығушылықты ояту** **Тосын сәт.** Ертегілер әлемінен үш түрлі коверттен хат келу. **1-ші қызыл конверт ашу.** **II. Мига шабуыл.** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** Өзі құ, жүрген жері айқай да шу (түлкі) -Көзі тостақ, өзі қорқақ. (қоян) Жұмбақтың шешуін түсіндіру. -түлкі жыртқыш аң, ал қоян жыртқыш емес. -Қоян өте қорқақ аң, оны үйде асырауға да болады. **2-ші сары конверт тапсырмасы** «Түлкі мен қоян» ертегісімен таныстыру. **АКТ технологиясымен жұмыс. Түлкі мен Қоян** Ерте, ерте, ертеде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан	**Мақта қыз бен мысық.** **Қызығушылықтарын ояту.** Балалар мен қонаққа ертегіші Ерден атайды шақырып едім. **АКТтехнологиясы.** Балалардың назарын бейнетаспаға аудару. (Бейне таспа арқылы ертегіші атай Ерден келеді). Балалардан қандай ертегі білетіндерін сұрайды. Ой, балалар, сендер көп ертегі біледі екенсіңдер **Ерден ата жұмбақ жасырады.** От басында құмған, Екі көзін жұмған. Ол не? -Мысық қай ертегіде кездеседі? **Ерден ата :** Маған осы ертегідегі кейіпкерлердің суретін салып беріңдерші? Балалар ертегіде қандай кейіпкерлер бар еді? **Топқа бөлу** **Ертегі кейіпкерлері арқылы.** 1-топ: Мысық 2-топ. Мақтақыз 3-топ. Тауық	"Мұз астындағы үйқы" ертегісі **Мига шабуыл** **Дид ойын:»Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** Суда оның өмірі, Суда оның қорегі.(балық) **Ой дамыту** **АКТ технологиясымен жұмыс.** Балық туралы түсінік беру. Сендер балық аулауға барғыларың келеді ме? Ендеше көлге саяхат жасайық. **Саяхатты хабарлау.** Таза ауа жұтамыз. Өзен көлді аралап Балық аулап қайтамыз. Міне балалар көлге келіп жеттік. **Тосын сәт.** - көлдің арғы бетінде кімді көріп тұрсыңдар?балықшы атайды. Атайға бару үшін қандай көлік таңдаймыз? -Дұрыс, кемені таңдаймыз -Балықшы атайға келу -Сәлеметсіңдер ме балалар?	**Ғажайып сәт.** **Бауырсақтың қонаққа келуі.-Амандасу.** **Бауырсақ :** Менің атым Бауырсақ, Мені тышқақпен қырып алды, Қанаттпен сыпырып алды. Қаймаққа иледі,майға пісірді. Мен атадан кеттім, Мен әжеден кеттім, Тыңдамадым атамды, Тыңдамадым әжемді Үйімді мен сағындым, көмектесші балақай. Сұрақ – жауап. -Бауырсақ қай ертегінің кейіпкері?. **Балалардың жауабы.** -Бауырсақтың түсі қандай? Сары. - Бауырсақтың пішіні қандай? - Домалақ, шеңбер. **Дид ойын: «Бауырсаққа көмек»** Бауырсақты атасы мен әжесіне апаруға көмектесу.

	Сергіту сәті: *Еркін ұста денеңді,* *Тарсылдатпай еденді* *Орнымыздан тұрып ап* *Жүгірейік бір уақ.* ***Менің сүйікті бұрышым*** *А3 форматта ертегі желісін ретімен жасау.* *1.Орманға үй құрастырып, жапсыру.* *2.Ешкі мен лақтар жапсыру.* *3. Қасқырды бояу.* ***Дид ойын: «Менің даусы»*** ***Шарты:*** *Ешкімен қасқырдың даусын ажырату.* ***Театр әлемі.*** ***Ертегіні сахналау.*** *Қорытындылау.* ***Дид ойын: «Атын ата»*** ***Шарты:*** *ертегіде кездескен кейіпкерлердің аттарын атау. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу.* *-Неге олай ойлайсың?* *Балаларға смайликтер беру арқылы мадақтау.*	*ерін, аңдып жүріп оның ініне түсінті. Түлкі болса інінің екінші тесігінен шығып кетінті. Шығып кетпесе қасқыр түлкіні жеп қояр еді. Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатса ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Содан түлкі жүгіріп барып қоянды ұстап алыпты. Қоян қорыққанынан түлкішек мені жібере салшы мен саған құйрығымды сыйлайын депті. Міне содан бері түлкінің құйрығы ұзын әдемі де, ал ал қоянның құйрығы қысқа екен.* *Ертегі желісі арқылы сұрақ-жауап.* ***3-ші көк коверт тапсырмасы*** ***Дид ойын: «Қандай жануар?»*** *Шарты: Ойынға конверт дайындалады. Конверттің ортасы дөңгеленіп қиылған. Жануарлардың суреті конвертке салынады. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табады.* ***Дид ойын: «Түлкі мен Қоянға сипаттама»*** *Түлкі қандай?* *-Түлкінің терісі қандай? (үлпілдек, жұмсақ)* *-Түлкінің баласын қалай*	***Сергіту сәті.*** *Иілін оңға бір, иілін, солға бір.* *Жаттығу жасаймын.* *Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ* *Жаттығу оңай-ақ.* ***1-топ .*** *Мысықты қылқаламмен жағып, мақталы таяқша мен дене бөліктерін бояу.* ***2-топ.*** *Мақата қызыдң суретін құрастыру.* ***3-топ.*** *Ертегі кейіпкерін ретімен жапсыру.* ***Балалардың жұмысын бақылау.*** *Жеке көмек көрсету.* *Ертегі желісіндегі кейіпкерлерді атау.* ***Қорытынды.*** *Қане, балалар, кім өз суретін Ерден атайға көрсеткісі келеді?* *Ерден атай балаларды мадақтап, қоштасады.* *Балалар, сендерге әр түрлі тәсілмен сурет салған ұнады ма? Қандай ертегі кейіпкерін бейнелеңдер? Балаларды мадақтау*	*Балалар балықшы атайдың қолында не бар?* *Бұл қармақпен не істейді?* *-Дұрыс балалар, балық аулайды.* *Ал сендер де ұстап көргілерің келеді ме?* *-Ендеше, менің сұрақтарыма жауап берсеңдер, мен сендерге қармағымды беремін.* ***1- сұрақ:Табиғат пешеге бөлінеді?*** ***2-сұрақ. Балық табиғаттың қай бөлігіне жатады? Су ше?*** ***Сергіту сәті*** *Біз жүземіз оң жаққа,* *Біз жүземіз сол жаққа,* *Шоршымыз көл астында,* *Ыршымыз көл бетінде* *Тұңғиыққа батамыз,* *Тәтті ұйқыға жатамыз* ***Балықшы атай:*** *Балық туралы ертегі тыңдағыларың келе ме?* ***Ертегі тыңдау.*** ***Бұл ертегі "Мұз астындағы ұйқы" деп аталады.*** *Қыстың алғашқы аязынан кейін көлдің бетін айнадай жылтыр мұз басты. Мұз әлі жұқа болғанымен, күн сәулесін көлегейлеп, су асты күңгірт тартты. Бұрын мұндайды көрмеген жас сазандар су астының күңгірт тартқанына абыржып қалды. Мұны байқаған кәрі сазан*	*-* *1.Шыршаның түбінде жылап тұрған қоянды көреді.* ***Тәрбиеші:*** *Сәлеметсіз бе, қоян. Сен неге жылап тұрсың* ***Қоян :*** *Менің тұратын үйім жоқ. соны маған табуға көмектесіңдерші.* ***Тәрбиеші:*** *Қоянға көмек Балалар мынау қандай пішін,?* ***Балалар :*** *Төртбұрыш (оның төртбұрышы бар).Мынау үшбұрыш (оның үш бұрышы бар).Мынау шеңбер (ол домалақ болады).* *қоянның үйін құрастыру.* ***Қоян :*** *Балалар сендерге көп-көп рахмет.Менің баспанам болды.Рахмет мен енді өз жөнімен кетейін.* *- Бауырсақтың алдынан қасқыр кездеседі.* ***2. Қасқырға кездесу.*** *Балалар менің қарыным ашып тұр. Мен бауырсақты жеймін.* ***Балалар :*** *Жоқ, сен бауырсақты жемеші, біз бауырсақты атасы мен әжесіне апаруға көмектесейік деп келе жатырмыз.* ***Дид ойын: «Қасқырға ет береміз»*** ***Шарты: ермексаздан ет жасау.***

		атайды? (жәутік) екен. *-Ал, Қоян қандай?* *-Неге Қоянның терісі қыста ақ болады?* *-Балалар, қоян қалай дыбыстайды? (шыңғырады)* *-Қоянның баласын қалай айтамыз? Кожек* ***Ертегі желісін сахналау.*** ***Балалрды мадақтау.***		*түсіндіріп жатыр:* *Жыл сайын осылай болады. Біраздан кейін мұздың үстін қар басады да, мұлде қараңғылық орнайды. Міне балалар қазір балықтар мұз астында ұйықтап жатыр.* *Мен мына қармағымды сендерге сыйға беремін Күн жылып, мұз ерігесін осы жерге келіңдер сол кезде балық аулап көресіңдер.* *Балықшы атаймен қоштасу.* ***Сау болыңдар*** ***Саяхаттан қайту.*** ***Топқа келу.*** ***Шығармашылық жұмыс.*** ***Дид ойын: «үлкен – кіші балықтар»*** ***Шарты:*** *Шығармашылық жұмыс арқылы мжапсыру, сурет салу, құрастыру.* ***1-топ:*** *Үлкен балықтарды құрастыру* ***2-топ:*** *Кішкентай балықтарды өзен суына жапсыру.* ***3-топ:*** *Қармақ суретін салу.* ***Қортынды*** *Сұрақ-жауап* *Балаларды мадақтау.*	***Қасқыр :*** *Рахмет балалар,* ***3.Аюға кездесу.*** *Ой- ой менің қарным ашып тұр еді, жақсы болды ғой мына бауырсақты жеймін.* *Балалар: Аю, аю бауырсақты атасы мен әжесі күтіп отыр соған тезірек бару керек, қайта сен бізге көмектесші, орманнан қалай шығамыз.* ***Сергіту сәті :*** *Ормандағы аюдың,* *Құлпынайы көп екен.* *Теріп,теріп аламыз,* *Қалтамызға саламыз.* ***Дид ойын: «Аюға бал береміз»*** ***Шарты. Бал салынған бөшкені бояу.*** *Жарайсыңдар тура бара беріңдер сол кезде орманнан шығасыңдар.* ***Түлкіні кездестіру*** ***Түлкі :****Бауырсақ мен сені жеймін.* ***Бауырсақ:*** *Жемеші, мені. Мен балалардан көп нәрсені үйреніп келе жатырмын. Сен бізді бір сынап көрші.* ***Түлкі :*** *(қолында бір бума қағаз). Онда менің жұмбақтарымды шешіп көріңдер.* *- Қыста ақ, жазда сұр. қоян* *Мен бал құмар қорбанбаймын, Тәтті ұрлауға қорланбаймын. (аю)* ***Түлкі :*** *Сендер менің тапсырмаларымды жақсы*

					орындадыңдар. Мен сендерге ризамын.Бауырсақты жемеймін. ***Балалар :*** *(Біз бауырсақпен қоштасамыз).* *Бауырсақ, міне орманнанда шықтық, енді мына жолмен тура жүрсең атаң мен әжеңе барасың.* ***Бауырсақ :****Мен сендерден көп нәрселер үйрендім. Сендерге рахмет. Мені атам мен әжем тосып отырған шығар. Үйіме қайтайын.* *Қош сау болыңыздар.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.***
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Серуенге дайындық	*«Еңбегі адал жас орен» - өз-өзіне қызмет* ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен	***Картотека № 3*** *Суық торғайды бақылау.*	***Картотека № 6*** *Айналадағы адамның қысқы еңбегі.*	***Картотека № 7*** *Аязды күнді бақылау.*	***Картотека № 8*** *Мұзды бақылау.*	***Картотека № 16*** *Күнді бақылау.*
	Серуен барысында экологиялық мәдениетті қалыптастыру аясында, табиғатты бақылау. ***Серуен картотекасынан*** *Қауіпсіздік ережелері –* ***серуен кезінде бала қауіпсіздігін бақылау.***				
Серуенненоралу	***Киімдерін шешу:*** *Әр бала киімін ретімен шешіп, сөресіне қояды.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды үнемдеу.* ***Түскі асқа дайындық:***	***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін шешкен соң ұқыптап қоюды қадағалау.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият жуу, сүлгісін дұрыс пайдалану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Суды шашпай қолдануды түсіндіру.*	***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін ретімен шешуге, орнына қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстауға баулу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуынғанда шуламай, тәртіп*	***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін бүктеп, шкафқа жинауға бағыттау.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын екі рет сабындап жуу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, тек қол жуу.*	***Киімдерін шешу:*** *Балалар киімдерін шешіп, сөресіне қояды.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жууға үйрету.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде әдеп сақтау.* ***Түскі асқа дайындық:***

	Балаларды қол жуып болған соң асханаға дайындау.	***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларды жинақылықпен асханаға отырғызу.*	*сақтау.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Ас алдында қолдарын таза ұстауға дағдыландыру.*	***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларды үстелге таза қолмен отырғызу.*	*Ас ішер алдында қолдарын тазалау.*
Түскі ас	***Әңгіме:*** *– Ас ішіп отырғанда ойыншықты әкелмейміз. Ас – ойын емес, денсаулыққа қажет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде орыннан тұрып жүгірмейміз.*	***Әңгіме:*** *– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Сондықтан асты төкпей жейміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Дастарқанды былғамай, таза ұстауымыз керек.*	***Әңгіме:*** *– Әдемі отырған балаға бәрі риза болады. Ас үстінде тып-тыныш, түзу отырайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымызды сермемейміз, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Асқа құрметпен қарасақ, ол берекелі болады. Әрбір ас – сый.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасық пен шанышқыны бір-бірімізге бағыттамаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Үнемді бала – тәртіпті бала. Су мен асты үнемдеп пайдалансақ, табиғатты да, еңбекті де бағалаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде шуламаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз.*
Күндізгі ұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	***№9*** *1. Ояту* *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***№10*** *1.Ояну* *Көзімізді ашайық* *Бойымызды жазайық* *Терезеге қарап* *Күн жылуын алайық.*	***№10*** *1.Ояну* *Көзімізді ашайық* *Бойымызды жазайық* *Терезеге қарап* *Күн жылуын алайық.*	***№11*** *1. Ояну* *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық*	***Жаттығу кешені №13.*** *Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. *«Еңбегі адал жас орен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет.* ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				
Бесін ас	*Ас ішу кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Әңгіме: *– Табақтағы асты тауысып жеу керек. Артық алып қалдырмайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде жүгірмейміз, орнымызда тыныш отырамыз.*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында әркім өз орнында отырады. Басқаларға итермей, кедергі жасамаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымызды созып, басқаның ыдысына қол салмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Нанды жерге тастамаймыз, үгіндісін де жинаймыз. Нан – берекенің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Нанмен ойнамаймыз, үстелге лақтырмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Суды да, асты да үнемдеген бала – ұқыпты бала. Ұқыптылық – жақсы әдет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асты асықпай жейміз, күйіп қалмау үшін абайлаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішіп болған соң «Рахмет!» айту – әдептіліктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырған кезде орындықтан секірмейміз, абайлап тұрамыз.*
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	*Экологиялық мәдениет қалыптастыру мақсатында үй*				
	Дид ойын: «Кім жылдам?» *Қалбалақтап ұшады.*	***Дид ойын: «Үлкен-кіші шыршалар»***	***Қызығушылықты ояту.*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***	***Дид ойын: «Кім тапқыр»Сұрақтар:***	***Қызығушылықтарын ояту***

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық)	***Картотека № 2*** ***Дид ойын: «Жапырақты ажырат»*** *Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба біледі.*	***Картотека № 4*** ***Дид ойын: «Затты сипаттау»*** ***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы өз ойын айта алады.*	***Картотека № 7*** ***Дид ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»*** *Мақсаты: табиғат Құбылыстарын ажырата алады.*	***Картотека № 9*** ***Дид ойын: «Бұл қандай құс?»*** *Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуді, оларды ажырата біледі.*	***Картотека № 21*** ***Дид ойын: «Балық аулау»*** ***Мақсаты:*** *сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамид*

дық, еңбек, кимыл, бейне леу, дербес және басқалары)	***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан***				
Таңғы жаттығу	*Наурыз айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. *Жаттығу кешені қосымша тіркелген*				
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*				
	Әңгіме: *– Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.* ***Қауіпсіздік ескерту:*** *– Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, біз жейтін нан, ботқа, сүт – бәрі үлкендердің еңбегімен келеді. Тамақты төкпей, үстелге шашпай, жейтін мөлшерімізді ғана алайық. Артық алсақ, ысырап болады.* ***Қауіпсіздік ескерту:*** *– Тамақтану кезінде асықпай шайнайық, ауыз толтырып сөйлемейік – тұншығып қалу қаупі бар.*	***Әңгіме:*** *– Таңғы ас алдында міндетті түрде қол жуамыз. Суды ағызып қоймаймыз, керегінше ғана қолданамыз. Ыдысты да таза ұстаймыз. Тамақ ішерде қасыққа мөлшерлеп салайық.* ***Қауіпсіздік ескерту:*** *– Ыдысты сындырмау үшін ұқыптен ұстау керек, сынған ыдыс қауіпті.*	***Әңгіме:*** *– Асқа құрмет – адамның тәрбие белгісі. Тамақ ішіп отырған кезде ойнамаймыз, таласпаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз. Әрбір түйір нан – еңбектің жемісі.* ***Қауіпсіздік ескерту:*** *– Қасықты ауызға қатты салмайық, бір-бірімізге шанышқы, пышақ жақындатпаймыз.*	***Түсіндіру:*** *– Балалар, біз жейтін әр тағам – үлкендердің маңдай терімен келген еңбек. Сондықтан табақтағы тамақты төкпей, шашпай жеу керек. Қажет мөлшерде ғана алып, артық тамақ қалдырмау – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Тамақтанып отырып жүгірмейміз, асықпай шайнаймыз – тұншығып қалуымыз мүмкін.*
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	*«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында, тілдік мәдениетті дамыту.*				
	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы ***Ойын: «Қайсысы еңбек?»*** *Тәрбиеші: «Мен қазір іс-әрекеттерді айтамын, сендер оның еңбек пе, әлде ойын ба екенін айтасыңдар:* *– Үй жинау (еңбек),* *– Доп тебу (ойын),* *– Гүл егу (еңбек),* *– Құыршақпен ойнау*	*«Ұшқыр ой алаңы» жобасы* ***Ойын: «Жалғастыр»*** *Тәрбиеші: «Мен соз бастаймын, сендер жалғастырасыңдар».* *– «Күн шықты, ал біз ...» (балалар: «ойнаймыз», «қуанышымыз»).* *– «Білімді болсаң, сен ...» (балалар: «ақылды боласың»).*	*«Смарт бала» жобасы* ***Ойын: «Дұрыс-бұрыс»*** *Тәрбиеші: «Мен бір сөйлем айтамын, егер дұрыс болса – қол соғамыз, қате болса – тыныш тұрамыз».* *Мысалы:* *– «Кітап – білім бұлағы» (қол соғады).* *– «Суды ішпейміз» (тыныш тұрады).* ***Мағынасы: баланың ойлау***	*«Балалар кітапханасы» жобасы* ***Ойын: «Сиқырлы кітап»*** *Тәрбиеші үлкен әдемі кітап ұстап, «Бұл сиқырлы кітап. Қане, ашып қалсақ, одан кім шығады екен?» – дейді. Кітаптың ішінен дайын суреттерді көрсетеді. Балалар: «Бұл Қызыл телпек!», «Бұл Бауырсақ!» деп жауап береді.*	*«Еңбегі адал жас өрен» жобасы* ***Ойын: «Еңбек – қуаныш»*** *Тәрбиеші: «Қане, біз кішкентай еңбекқормыз. Қолымызбен гүл егіп көрейік (қимыл жасайды), оны суарайық, күтейік. Ал енді ол гүл жайнап өсті!»* *Балалар гүлдің иісін сезгендей қимылдап: «Еңбек қуаныш әкеледі!» – дейді.*

	(ойын).» ***Мағынасы:*** *балаларды еңбекті ажырата білуге үйрету*	*– «Досына көмектессең, ол ...» (балалар: «қуанады»)* ***Мағынасы: баланың қиялын, ойлауын дамыту***	***қабілетін дамыту, білімділікке тәрбиелеу.***	***Мағынасы: балалардың қызығушылығын арттыру, кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.***	***Мағынасы: адал еңбекке, еңбектің қадірін білуге үйрету.***
Кестеге сәйкес ҰІӘ		***Дене тәрбиесі:*** ***9.00-9.15***	***Дене тәрбиесі:*** ***9.00-9.15*** ***Қазақ тілі*** ***9.20-9.35***	***Дене тәрбиесі:*** ***10.10-10.15***	***Музыка:*** ***9.20-9.35***
	Тақырыбы: *Анама бәрін арнаймын* ***Осы кезде педагогтің телефоны шырылдап,*** *педагог балаларға анасы хабарласып жатқанын айтып, тұтқаны алады.* *- Сәлеметсіз бе, анашым, халыңыз қалай?* *- Мен сізді қатты сағындым, жақын күндерде барып қалармын.* *- Бетіңізден сүйдім, сау болыңыз.* ***Ой қозғау.*** *- Балалар, сендердің аналарың қазір қастарында, ал сендер үлкен болып өскенде, оқу, білім, өнер қуып жан-жаққа кетесіңдер, сол кезде аналарыңмен жиі хабарласып тұруды ұмытпаңдар. Мен қазір анамды қатты сағынып жүрмін. Ол кісі ең мейірімді, ең сұлу, ең еңбекқор адам. Мен анамды қатты жақсы көремін.*	***Қызығушылықты ояту.*** ***Өлең оқу.*** *Көктем келді шуақты,* *Балаларды қуантты.* *Алақай-ау, алақай!* *Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты.* *Дала гүлге толыпты, Аққу көлге қоныпты.* *Алақай-ау, алақай!* *Көктем қандай, көктем қандай көрікті!* ***Ой қозғау*** ***Сұрақтар қою*** *-Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған?* *-Оны қандай белгілері арқылы білдіңдер?* ***Ой дамыту.*** *Балаларды терезе алдына шақырып, даладағы өзгерістер туралы әңгімелеулерін сұрайды. Табиғаттағы өзгерістер туралы толықтыру. Балаларға сұрақтар қою.* *- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *- Көктем мезгілінде неше ай бар? Атап беріңдер? Қазір қандай ай?*	***Ой шақыру*** ***Дид ойын: «Ойлап тап»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Ақ қар еріп, су көбейіп,* *Сай–салаға толады.* *Ағаш басы бүршік шашып,* *Гүл, бәйшешек толады.* *Бөбектерім, айтыңдаршы.* *Бұл қай кезде болады?* *– деп ойлайсыңдар.* *Мағынасын түсіндіру.* *– Неге көктем мезгілі деп ойлаймыз?* *– Көктем мезгілінің қыс мезгілінен қандай ерекшелігі бар?* ***Бақылау.*** *-Далаға қарайық не көріп тұрсыңдар?* *-Қар бар ма?* *- Көктемде ағашта нелер пайда болады?* 	***Ой қозғау.*** ***Балалар қазір қандай мезгіл?*** ***Көктем*** *Көктем мезгілінде орман қандай болып жатқан көруге саяхатқа барғыларың келе ма?* *Саяхатқа немен бару керек екенін білу үшін, мына пішіндерден поезд құрастырып алайық.* ***Дид ойын: «Көңілді поезд»*** ***Шарты:*** *Пішіндерден поезд құрастыру.* *Әр түрлі түстер арқылы вагондарға (орындыққа) міну* ***Саяхат тәртібі.*** *Өзін ұстау ережелері* *-Ағаштардың бұтақтарын сындырма;* *-Гүлдерді жұлма;* *-Саңырауқұлақтарды баспа;* *- От жақпа;* *-Орманға жалғыз баруға болмайды.* *-Жүгіруге болмайды.* *-Асығуға болмайды.*	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар ертегі орманына саяхатқа барғыларың келе ме? Орманда біздің досымыз қоян көмек сұрап хабар жіберді, оны тыңдайық?* ***Қоян: Сәлем балалар маған сендердің көмектерің керек болып тұр: менің көжектеріме киім-кешек қажет. Өтінемін соған көмектесіңіз!*** *Тәрбиеші: Ал, балалар, досымызға көмектесеміз бе?* *Тәрбиеші: Қазір біз ертегі орманына барамыз, көптеген орман тұрғындарын кездестіреміз.* *Тәрбиеші: Олай болса кеттік.* *Жаттығу «Кішкентай аяқ, жол бойымен жүр» Балалар сенсорлық жолмен жүреді.* *Олар шыршаның жанына тоқтайды.* *Балалар, ал шыршаның астында не отыр? Дұрыс, кірпі.* *Біз шыршаның астынан кірпілерді шығарып, үстелге қоямыз.*

	Ал сендер аналарыңды жақсы көресіңдер ме? *- Не үшін жақсы көресіңдер?* *- Ол қандай адам?* *- Сендердің қандай істеріңе қатты ренжиді?* *- Ал қандай істеріңе керісінше қатты қуанады?* *- Сен анаңды жиі қуантасың ба?* *- Үй шаруасында аналарыңа қандай көмек бересіңдер?* *(Балалар өз аналары туралы әңгімелеп айтып береді.)* ***Дид ойын: «Анама арналған гүл»*** ***Шарты:*** *Дайын салынған гүлді өздеріне ұнаған түспен бояу.* ***Ой дамыту.*** ***1-тапсырма.*** ***Дид ойын: «Көмекші»*** ***Шарты:*** *Үй шаруасында анаңа қандай көмек көрсетесің? Суреттерден белгілеп көрсет және айтып бер.* ***Дид ойын: «Дастарханды әсемде»*** ***Шарты:*** *Дастарханға керек заттарды жапсыру.* ***Дид ойын: «Мен де!»*** *Шарты: Педагог айтқан іске келіссе, балалар*	*- Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді? (тырналар, қарлығаштар, қарғалар, сары шымшық)* *-Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады? (бәйшешек,қызғалдақ)* *- Көктемде қандай жұмыстар жасалады? (Көктемде ауланы, көшелерді тазартады, ағаштардың түбінің топырағын қопсытады, ағаштарды әктейді, құстарға ұя жасайды, ағаштар егеді)* *- Наурыз айында қандай мерекелерді атап өттік?* ***Слайд. Көктем мезгілі.***  *- Балалар осы суретімізге ат қояйықшы, қандай ат қойғыларың келеді?* ***Дид ойын: «Жер, су, ауа»*** *«Жер» десе, допты қағып алған бала бір үй жануарын немесе жабайы аңның аты айтады.. «Ауа» дегенде бір құс айтылуы тиіс. Ал «Су» дегенде суда жүзетін құстың, көліктің атын айтуы керек.* ***Бақылау .*** *Даладан ағаш бұтақтарын алып келгенін көрсету.* *Балаларға мұқият қарауға*	 ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымнан жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар,* *Үп-үлкен боп өседі.* *Балаларды топқа бөлу* ***Топқа бөлу.*** ***1-Топ.*** *Кляксография әдісі арқылы сурет салады.* ***2-Топ.*** *Ағаштарға бүршік жапсырады.* *Балалардың жұмыстарын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Дид ойын «Біздің көрме»*** *Көрме ұйымдастыру* *Балалардың жұмысын қорытындылау.* ***Тақпақ*** *Бүршік шашып, жапырақ ашып,* *Даланы гүлдер басады.* *Сұлу көктем есігін ашып,* *Шуағын бізге шашады* ***Балаларды мадақтау.***	***Баяу әуен ойнайды.*** ***Орманға да келдік*** *балар жан –жаққа назар аударайықшы табиғат қандай керемет, қазір көктем мезгілі. Балалар, қарандаршы мынау кірпінің ізі ғой.* *Балалар, қарандаршы мына жерде суреттер жатыр, сірә кірпі мына суреттерді бізге тығып кеткен болар.* ***Ой дамыту*** ***Суретпен жұмыс.*** *Тәрбиеші суреттерді тақтаға іліп әңгімелейді.* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымнан жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар,* *Биік болып өседі.* ***Ой дамыту.*** *- Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы жұлдыздар – осылардың барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді. Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып екіге бөлінеді* ***Дид ойын: «Жалғасын тап»*** *Жансыз табиғат - ....* *Жанды табиғат - ....*	*Балалар, маған кірпінің құлағы, мұрны, көзі қайда екенін көрсетіңдерші? Дұрыс! Бірақ біздің кірпі асығыстық танытқаны сонша, ол барлық инелерін жоғалтып алды. Кірпіге оларды табуға көмектесейік.* ***Дид ойын: «Кірпінің тікенектері»*** *Балалар себеттен қызыл-ғыштарды алып кірпіге қыстырады. Тәрбиеші: Ой, кірпі қандай тікенді болып кеткен! (кірпіні жаңа инелерін сипайды)* *Біз кірпіге инелерді табуға көмектестік, ол бізге қояндарға орамжапырақ берді.* ***«Рахмет» деп, саяхатымызды жалғастырайық.*** ***Тәрбиеші:*** *қарандаршы, гүлді шалғын алда, ал оның үстінде тағы нелер бар?Балалар: бұлар қоңыздар. Оларға біздің көмегіміз керек. Қоңыздар әдемі жерлерінен айырылып, ұша алмайды. Біз оларға көмектесуіміз керек.* ***«Қоңыздар» жаттығуы.*** *Балалар пластмасса бөтелкелерден тығындарды, қоңыздың артқы жағындағы дақтарды айналдырады және бұрады. Түсті бекіту үшін түрлі түсті тығындарды сәйкес түсті қоңыздарға бұрандамен бекітеді.Тәрбиеші: қандай қоңыздар көлемі бойынша*

	«Мен де!» – деп қосылып айтып отыру керек, ал келіспесе, «Жоқ» – деп наразылықтарын білдіруі қажет. П: Мен анамды жақсы көрем! Б: Мен де! П: Мен анама көмектесемін! Б: Мен де! П: Жұмыстан келгенде қарсы аламын. Б: Мен де! П: Ойыншығымды шашып тастаймын. Б: Жоқ! П: Киімімді жинап қоямын. Б: Мен де! П: Ыдыстарды жуып қоямын. Б: Мен де! П: Ініме мен қарамаймын, оны жылатамын. Б: Жоқ! Педагог осы тектес сөздерді тез-тез айтып, балаларды шатастыруға тырысады, балалар барынша мұқият болып, анасын ренжітетін іске келіспейді. **2-тапсырма.** **Анаң сені қалай еркелетеді?**	ұсыныс тастау. Бұтақтарда бүршіктер пайда болғанын және даладағы ағаштардың да бұтақтарында осындай бүршіктер түрғанын айту. Бұтақтарды ыдысқа салып, оған су құйып күнделікті осы күннен бастап бұтақтарды бақылайтындарын айтады. **Шығармашылық бұрыш** **Дид ойын: «Көктем көрінісі»** **Шарты.** Көктем көрінісін бейнелеу. Балаларды топқа бөлу. **1-топ:** Көктем гүлдерін құрастыру. **2-топ:** Дайын көктемгі ағашқа саусақ арқылы бүршік салу. **3- топ:** Құстарға ұя жапсыру. **4-топ:** Ұяға жем мүсіндеу. Әр топ өз жұмысына сөйлем құрау. Мыс: Көктемде құстар ұшып келеді, мен оған қамқорлық жасаймын, сол үшін ұя жасадым. Көктемде ағаштар бүршік жарады, бүршіктен жапырақтар шығады. **Қорытынды.** Балаларды мадақтау.		Жанды табиғат жансыз табиғатсыз .... (тіршілік ете алмайды) Балалар, бәріміз топқа қайтатын кез келді. Бір, екі, үш, төрт, бес, Аяқты басамыз тез тез... **Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»** **Шарты:** Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзуға, ормекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйм салынғанын суреттерден айырып жинау. **Дид ойын: «Ормандағы қанқызы»** **Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.** **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ қанқызының суретін салу.** Жұмыс ретімен таныстыру: -Денесін дөңгелек немесе жарты дөңгелек қылып саламыз. -Басын дөңгелектеп саламыз. -Басынан көз,мұрын,ауыз, мұртшаларының орнын белгілейміз. Үстіне саусақпен қара нүктелерін саламыз. **2-топ: Қанқызын мүсіндеу.**	ашық жерге ұшып келді?Балалар: үлкен және кіші. Тәрбиеші:. Қандай қалпақшаны үлкен қоңызға, ал кішкентайға қандай қалпақша жабамыз? **Сергіту: «Біздің қолдар»** Балалар, қараңдаршы, үстелдерде не бар?Балалар: қояндарға арналған киім. Тәрбиеші: дұрыс, тек киімдерді жөндеу керек. **Дид ойын: «Қоянға көмектесейік»** Алдымен жамауды алайық. Балалар қояндардың киімдеріндегі тесіктер қандай Балалар: шеңбер, үшбұрыш. Тәрбиеші: Дұрыс.Енді қояндардың киімдеріне жамау жапсырайық. Педагог әр баладан пішіннің түсі қандай екенін, қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын сұрайды. **Орман үні жай музыка.** Бұл орманда аю тұрады. Аю алма мен сәбіз салынған себетін құлатып алды. Себеттері сынып қалыпты. Аюға себетін құрастырып берейік. **Дид ойын: «Аюдың себеті»** Екі түсті себет құрастыру. **Дид ойын: « Алма мен сәбіз»** Аюға бір түсті себетке сәбіз мен алма жинауға көмектесу керек. Балалар, сәбіздің түсі қандай? Оны қандай түсті себетке саламыз?ал алманың

	Еркелеткенде неге теңейді, суреттердің ішінен тауып белгіле және айтып бер. *– Балалар, аналарың сендерді қатты жақсы көреді екен, оны мен сендерді еркелететін теңеулерден байқадым. Ал сендер аналарыңды қалай жақсы көресіңдер, оларды неге теңер едіңдер?* ***«Менің анам».*** *Сызба бойынша өзіңнің анаң туралы әңгіме құрастыр.* ***Дид ойын: «Сөйлемді аяқта».*** *Менің анам (қандай?)__* *Анамның сыргасы ...* *Анамның сақинасы ...* *Анамның ыдыстары ...* *Қортынды* *Балаларды мадақтау.*			***Дид ойын: «Қанқызының достары»*** *Үлгі көрсету,түсіндіру.*  *Балалардың өз бетінше жұмысы.* ***Қортынды*** *Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс. Балаларды мадақтау.*	*түсі қандай? Оны қандай себетке саламыз?* ***Аю себетті ұмытып қалмас үшін себеттердің сыртына салынған сәбіз бен алманы боялымыз керек.*** ***Балаларды 2 топқа болу.*** ***1-топ: себеттің сыртындағы сәбізді бояу*** ***2-топ: Алманы бояу.*** *Тәрбиеші: Рахмет балалар, сендер бүгін барлық тапсырмаларды орындадыңдар. Алғыс ретінде аю бізге сәбіз мен алма сыйлады.* ***Ой қозғау.*** *Қарандаршы, себетте не бар?Балалар: Алма, сәбіз, орамжапырақ және қояндарға арналған киімдер. Балалар, қарандаршы, бізге не келе жатыр? Қоян.* *Қоян біз саған көмектесу үшін барлық тапсырмаларды орындадық. Мынау сенің көжектеріңе сыйлық Қоян: Рахмет балалар, сендер маған және менің қояндарыма көп көмектестіңдер. Мен де рахметімді айтқым келеді, менен мына тәттілерді қабыл алыңыздар.* *Рахмет саған қоян. Міне, біздің балалардың бақшаға қайтатын уақыты келді. Балалар, айтыңдаршы, біз бүгін қайда болдық?* ***Балалар: орманда.*** *Тәрбиеші: Ал біз орманда неге көмектестік? (кірпі, қоңыз,*

					аю). Балалар, сендерге біздің сапсатымыз ұнады ма? Қоянға «Қош бол» дейік. Қош бол, тағы кездескенше!
Екінші таңғы ас	*Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Екінші таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орындарына отырып,дұрыс тамақтану.*				
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас орен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	*Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киімдегі олқылықтарды жондеуді қадағалау.*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*
Серуен	***Картотека №16*** *Бұталарды бақылау.*	***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау*	***Серуен № 17*** ***Ауа райын бақылау.***	***Картотека №19*** *Қараторғайларды бақылау.*	***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. ***Көктемгі серуен картотекасынан***				
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас орен» - өз-өзіне қызмет жасау.*				
	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	*«Өз-өзіне қызмет» 3 қадамы: 1) Киімді ұқыпты шешу; 2) Шкафқа ретімен жинау; 3) Түскі асқа жеке жабдықтарын (сүлгі, ыдысқа дейінгі кезекші ролі) дайындау.*	*Бір-біріне жейде/күртешені ілуге, түйме қадауға комектестіру; «рақмет», «өтінемін» сөздерін қолдануды бекіту;* ***Мақсаты:*** *су шашпай, жауапкершілікпен қарауды еске салу.*	*Балаларға өз киімдерін шешіп, ұқыпты жинап қоюды, қол жуғаннан кейін сүлгісін орнына қоюды үйрету.* ***Мақсаты:*** *еңбектің қадірін білуге, тәртіпке, адалдыққа тәрбиелеу.*	*Балаларға жағдаятты сұрақтар қою.* *«Егер қолды жумаса не болады?», «Неге заттарды өз орнына қоямыз?»* ***Мақсаты:*** *дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.*
Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*				
	Әңгіме: *– Қолды сабындап жуу – денсаулық кепілі.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде тәртіп сақтаймыз: таласпаймыз, ойнамаймыз, дауыстамаймыз. Әрбір ас – қадірлі. Шамамызға қарай*	***Түсіндіру:*** *– Әрбір ас – үлкендердің маңдай терімен келген несібе. Сондықтан табақтағы асты қалдырмай, төкпей-шашпай*	***Әңгіме:*** *– Балалар, дастарқандағы ар тағам – еңбекпен келген ризық. Нанды жерге тастамай, асты төкпей, мөлшермен ғана*	***Әңгіме:*** *– Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әр түйір ас – бағалы. Асқа құрмет – еңбекті бағалау.* ***Қауіпсіздік:***

	Қауіпсіздік: *– Су шашпай, абайлап жуамыз.*	*ғана аламыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.*	*жеуіміз керек. Үнемді болу – жақсы әдет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз. Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.*	*алайық. Ысырап етпейік – еңбекті бағалайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, ауыз толған кезде сөйлемейміз – бұл қауіпсіздік үшін маңызды.*	*– Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.*
Күндізгі ұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды тысықтау.*	*Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.*	*Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*	*Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.*	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды тысықтау*
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда-мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***Жаттығу кешені №10*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық ,* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. *«Еңбегі адал жас орен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.* ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				
Бесін ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалануын, жуыну ережелерін түсіндіру.*				
	Әңгіме: *– Тамақ ішіп болған соң «Рахмет» айту – үлкенге құрмет, кішіге өнеге. Алғыс айту – әдептің көрінісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы адамдарға бөгет жасамаймыз. Үндемей отырып ас ішсек, барлығына ыңғайлы болады.*	***Әңгіме:*** *– Тамақты төкпей-шашпай, қажет мөлшерде ғана аламыз. Артық тамақ қалдырмаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, әрбір ас – үлкендердің маңдай тері. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз. Артық алмаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Тамақты асықпай шайнаймыз, ауыз толған кезде сөйлемейміз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде бір-бірімізге кедергі жасамаймыз. Үлкендерге бірінші береміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасықты қатты салмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Нанды ауызға толтыра салмаймыз.*

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	***Дидактикалық ойын:*** *«Сипаттап бер»кубизм әдісі)* ***Мақсаты:*** *Кубиктің жан- жағындағы үй жануарларының атын атап әңгімелеп беруге үйрету, тіл байлықтарын дамыту, сөздік қорларын молайту.* ***Сергіту сәті.*** ***Дидактикалық ойын: « Төлін тап»***  *Ойын шарты: Бір күні Хамит атай өрісте төрт түлік малын жайып жүр еді. Бір мезгілде күн бұлттанып жаңбыр жауады. Қатты жаңбырдың кесірінен төлдер өздерінің енелерінен*	***Ғажайып сәт*** *Топқа қонақ жүгіріп келіп жылайды.* *Ой, балалар, бүгін менің үйімді қасқыр бұзып тастады. Менің әдемі мынадай үйім бар еді (суреттін көрсетеді). Енді әдемі үйімнен тек қана мына бөлшектері ғана қалды, оларды құрастырмақшы болып едім тұк шықпады маған көмектесіңдерші?* ***2-топқа бөлу.*** *Дамыту орталығына шақыру.* *Үлгімен жұмыс балаларға үйдің құрылымымен таныстыру.* ***1-топ*** *конструктодан үй жасайды.* ***2-топ*** *құрылыс материалдарынан үй жасайды.* ***Өз бетінше жұмыс.*** *Қонақ:* *-Ой, балалар мына үйлер менің үйімнен де әдемі болып шығыпты, маған қатты ұнады. Рахмет айтып*	***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру*** *Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды?* *Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.* ***Ой дамыту:*** *Суретпен жұмыс* *Балалар өсімдіктер қайда өседі?* *Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?* *Өсімдік өсу үшін не керек?* *Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек?* ***Топтарға бөлінеміз:*** ***1-Топ: Бөлме гүлі (*** *бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды).* ***2-Топ: Дала гүлі.*** *(Гүлдерді отырғызады.)* ***3-Топ: Бақша гүлі*** *Сәйлем құрау.* ***Балаларды мадақтау.***	***Дид ойын: «Кім жылдам?»*** ***Жұмбақ жасыру:*** *Аналарға сыйлайтын,* *Аралар бар жинайтын.* *Бұл немене, балалар,* *Үлуге адам қимайтын* ***Ой дамыту.*** ***АКТ технологиясымен жұмыс.*** *(Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу).* ***Топқа бөліну*** ***1 – топ:*** *Бәйшешектен білеміз,* *Көктем келіп қалғанын.* *Мәз боламыз, күлеміз,* *Көрсек гүлін жарғанын.* ***2 - ші топ:****Алғаш рет күркіреп,* *Ағыл – тегіл жауса күн.* *Қырға шығар дүркіреп,* *Көктем басы – жауқазын.* ***3 - ші топ:*** *Үлбіреген бақбақ,* *Үлпілдеген аппақ.* *Уф! – десем, бақбақ,* *Ұшасың гой қаптап.* ***Гүлдер*** *Гүлдер, гүлдер көк гүлдер,*	***«Тамшылар мен бұлт»*** *(балалар тамшы қалпақ киеді).* *Тамшылар жерге ұшты (секіру). Олар жалғыз секіре отырып, жалықтырды. Екеуі жиналып, шағын ағынмен ағып кетті (қол ұстасып). кездесіп, үлкен өзенге айналды (бір тізбекке қосылған).* *Тамшылар үлкен өзенде жүзеді, сапхат. - өзен ағып, үлкен мұхитқа айналды. (олар дөңгелек биге қайта салынып, шеңбер бойымен қозғалады).* *Олар жүзді, мұхитта жүзді, содан кейін олар анасы Бұлттың үйге оралуын бұйырғанын есіне алды. Дәл осы кезде күн шықты.* *Тамшылар жеңіл болып, жоғары қарай созылды (олар еңкейіп, бауы тұрады, қолдарын жоғары көтереді).* *Олар күн сәулесінің астында буланып, анасы - Бұлтқа оралды..*
	ажырап калады, енді балалар барлығымыз Хамит атайға және төлдердің енелеріне қауышуға көмектесейік.	*қоштасады.* *жөндеуші* *Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылау.*		*Қызыл гүлдер, көп гүлдер* *Өсе берші нұрланып,* *Өсе берші ырғалып*	

Балалармен жеке жұмыс	***Сөздік қорды дамыту*** *Дыбысты созып айтуға арналған жаттығулар («а-а-а», «о-о-о»). Жануарлардың атауын үйретіп, озардың дыбысын қайталату. Сурет бойынша «Не көріп тұрсың?» әңгімесін ұйымдастыру.* ***Айбар, Айша***	***Бала тілін дамыту жұмысы*** *Артикуляциялық жаттығулар жасау (дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету). Сөздік қорын кеңейту үшін жеке әңгімелесу, сурет бойынша әңгіме құрату. Қарапайым сөздерді жеке үйрету.* ***Аян, Айқөркем***	***Математикалық ұғымдарды дамыту*** *Санауды, пішіндерді, түстерді, көлемдерді жеке көрсету. Жұптап салыстыру, заттарды рет-ретімен орналастыру. Жеке логикалық ойындар мен жаттығулар ұсыну.* ***Заңғар,С.Әміре***	***Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру*** *Баланы топпен ойнауға бейімдеу үшін алдымен жеке ойындар арқылы сенімділігін арттыру. Мінез-құлық мәдениетін үйрету (амандасу, алғыс айту, кезекте тұру).* ***Расул,Кадиша*** *Қиын балалармен жеке әңгімелесу, мотивация беру.*	***Шығармашылық қабілеттерін дамыту*** *Жеке сурет салу, ермексазбен жұмыс, мозаика құрастыру. Ән үйрету, жеке би қимылдарын көрсету. Қолөнер жұмыстарын орындау.* ***Нұрторе, Аян***
Кешкі ас	*Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Екінші таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру*				
Серуенге дайындық	***Коммуникативтік дағдыларды дамыту*** *«Еңбегі адал жас орен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	*Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*
Серуен	***Картотека №16*** *Бұталарды бақылау.*	***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау*	***Серуен № 17*** ***Ауа райын бақылау.***	***Картотека №19*** *Қараторғайларды бақылау.*	***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. ***Таңғы серуенді бекіту.***				
Балалардың үйге қайтуы	*Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*				
	Бүгін балалар сурет салып, түрлі түстерді қолдана отырып қиялын дамытты. Ойларын қағаз бетінде бейнелеуге тырысты.	*«Бүгін балалар ән айтып, би қимылдарын орындап, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.» «Қиялы дамып, ойларын еркін жеткізуге тырысты.»*	*«Балалар бүгін серуен кезінде табиғатты бақылап, гүлдер мен ағаштарға ұқыпты қарауды үйренді.» «Топтық ойында бір-біріне*	*«Балалар дене шынықтыру жаттығуларына белсене қатысты, қимыл-қозғалыс дағдылары дамып келеді.»*	*«Бүгін балалар серуенде өте белсенді болды, қауіпсіздік ережелерін жақсы сақтады.» «Сабақта берілген тапсырмаларды ықыласпен*

	Үйде балаңызбен бірге сурет салып, түстерді атауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.	*«Үйде бірге ән тыңдап, қарапайым әндерді жаттауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.»*	*көмектесіп, достық қарым-қатынас көрсетті.»* *«Үйде баламен бірге қысқа әңгіме немесе ертегі оқып, бірге талқылауға кеңес беремін.»*	*«Ойын кезінде ережелерді сақтап, тәртіпті болуға тырысты.»* *«Үйде серуеннен кейінгі тынығуына және жеткілікті ұйқысына назар аударыңыздар.»*	*орындап, сөздік қорын толықтырды.»* *«Үйде де киімдерін өздері кию дағдысын бекітуге көңіл бөліңіздер.»*

Ұсыныс Балаларды сөздік қорын молайту.

Әдіскер: _____ **Камза Сайрангүл**

«Ботакан» орта топ тәрбиешілері:

_____ **Өнерхан Алмагүл**

_____ **Қанағат Гүлнұр**

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограмм
Наурыз айы II-апта

Күн тәртібінің үлгісі	Сейсенбі 10.03.2026	Сәрсенбі 11.03.2026	Бейсенбі 12.03.2026	Жұма 13.03.2026
Балаларды қабылдау	*Домбыра әуені – бүлдіршіннің көңілін көтеру, қазақ мәдениетіне жақындату.*	*Күй әуені – баланың бойына жеңімдік пен ұлттық сезім ұялату.*	*Күй күмбірі – баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру.*	*Күй күмбірі – балалық жүрегіне ұлттық тәрбие нұрын себу.*
	Баланы жылы жүзбен қарсы алып, қысқаша әңгімеге тарту (мысалы: «Кешегі күн қалай өтті?»). *Денсаулығына назар аударып, дене қызуын өлшеу.* *Көз-құлақ жағдайын сырттай бақылап, шаршау не мазасыздық белгілерін қадағалау.*	*Киімдерін шешу, шкафқа жинастыру барысында өзін-өзі қызмет етуге үйрету.* *Қол жуу дағдысын еске салып, орындауын қадағалау.* *Эмоциялық бейімделуде қиналған балаға психологпен бірге қолдау көрсету.*	*Баланы күлімсіреп қарсы алып, сенімді қарым-қатынас орнату.* *Ата-анадан кешегі жағдайы (тамаққа тәбеті, ұйқысы, көңіл-күйі) туралы қысқаша сұрау.* *Дене қызуын өлшеп, қажет болса медбикеге жолдау.*	*Баланы есімін атап, жылы амандасу арқылы қабылдау.* *Көңіл-күйін анықтау үшін қысқа сұрақтар қою («Бүгін көңіл-күйің қалай?»).* *Дене қызуын өлшеу, сыртқы белгілерін (бет әлпеті, көздері) бақылау.* *Киімін шешіп, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу, өзіндік әрекетке ынталандыру.*
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*			
	Сыпайылық – мәдениетті адамның басты белгісі екендігі жайлы әңгімелесу. ***Кеңес:*** *Баламен сөйлескенде жұмсақ үн қолдануға дағдыланыңыз.*	*Салауатты өмір салты – ұзақ әрі бақытты өмірдің кепілі екендігі жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Кешкі серуенге бірге шығыңыз.*	*Ұлттық дәстүрлер – баланың болмысын қалыптастыратыны жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Қазақтың салт-дәстүрлері жайлы шағын әңгіме айтып беріңіз.*	*Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.*
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	***Картотека № 21*** ***Дид ойын: «Балық аулау»*** ***Мақсаты:*** *сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды.*	***Картотека № 20*** ***Дид ойын: «Орнын тап»*** *Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқын суреттен таба біледі.*	***Картотека № 17*** ***Дид ойын: «Жеке атауын ата»*** *Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі.*	***Картотека № 15*** ***Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»*** *Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.*
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан			

Таңғы жаттығу	*Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. *Жаттығу кешені қосымша тіркелген*			
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін есерту*			
	Әңгіме: *– Әр түйір ас – бағалы. Дастарқан үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Тамақты төкпей-шашпай, тауысып жеу – еңбекті бағалау.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, оларды бір-бірімізге бағыттамаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, суды босқа ағызбайық. Қол, бет жуған кезде кранды ашып қоймай, қажетті мөлшерде ғана қолдану керек. Ас үстінде де асты төкпей-шашпай жеу – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз. Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.*	***Әңгіме:*** *– Әрбір тағам – үлкендердің маңдай терімен келген ризық. Сондықтан нанды жерге тастамауымыз керек, тамақты ысырап етпей, мөлшермен ғана алуымыз қажет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде ауыз толған кезде сөйлемейміз, асықпай шайнаймыз. Бұл тамақтың жақсы қортылуына және қауіпсіздікке пайдалы*	***Әңгіме:*** *– Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде жан-жағымызға аландамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз*
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	*«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында тілдік мәдениетті дамыту*			
	Әңгіме: *Екі дос аулада ойнап жүрді. Бірі құлап қалды. Оның досы жүгіріп келіп, қолын созып тұрғызды. Құршағын да әкеліп берді. Екеуі бірге ойынды жалғастырды.* ***Тәрбиеші сұрағы:*** *– Нағыз дос қандай болады?* ***Балалар жауабы:*** *– Көмектеседі.* *– Қуанышымен де, қиыншылығымен де бөліседі.* ***Мақсаты:*** *достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.*	***«Әдемі сөйлеу жаттығуы»*** *Тәрбиеші: «Қане, бәріміз мына сөздерді анық, әдемі айтып үйренейік: «Достық», «Адалдық», «Еңбек», «Шығармашылық». Енді осы сөздердің бірін пайдаланып сөйлем құрайық».* *Балалар: «Достық – ең қымбат қазына», «Адалдық – адамға жарасады».* ***Мақсаты:*** *балаларды мәнерлеп сөйлеуге, ойды толық жеткізуге баулу.*	***«Сиқырлы қапшық»*** *(Қапшық ішінде кішкентай ойыншық кітап, қалам, суреттер).* ***Тәрбиеші:*** *«Қапшықтан бір затты аласың, сосын ол туралы бір сөйлем айтасың».* *Балалар: «Бұл қалам – ол жазуға көмектеседі», «Бұл кітап – ол оқуға көмектеседі».* ***Мақсаты:*** *нақты затпен жұмыс, байланыстырып сөйлеу.*	***«Табиғат пен кітап»*** *(Суретте бала ағаш түбінде кітап оқып отыр).* ***Тәрбиеші:*** *«Бұл суретті қалай сипаттайсыңдар?»* ***Балалар жауаптары:*** *– «Бала табиғат аясында кітап оқып отыр».* *– «Кітап пен табиғат – адамның досы».* *– «Кітап оқу жанды тынықтырады».* ***Мақсаты:*** *күрделі сөйлем құрау, салыстыруға үйрету.*
Кестеге сәйкес ҰІӘ	***Дене тәрбиесі:*** ***9.00-9.15***	***Дене тәрбиесі:*** ***9.00-9.15*** ***Қазақ тілі*** ***9.20-9.35***	***Дене тәрбиесі:*** ***10.10-10.15***	***Музыка:*** ***9.20-9.35***
	Қызығушылықты ояту.	***Қызығушылықты ояту.***	***Қызығушылықты ояту.***	***Доптың көмегімен балалардан көңіл-күйлерін сұрау***

	Ғажайып сәт. Хат келу. *«Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен ертекші Ерден атаймын, мен сендерге мына сары чемоданды жібердім. Оны ашып қараңдар. Онда қандай ертегі бар екенін көресіңдер.* ***Ертекші Ерден атайдан.*** ***Чемодан ашылады.*** *Ой, бұл не? (Олар заттарды шығарып, қарап шығады).* *-Бұл халат, ақ түсті. Бұл қалпақ, ол да ақ.* *- Ақ халат пен қалпақ киген кім? (дәрігер).* *- Мынау не қол сөмке, бұл қол сөмке кімге керек? (дәрігерге). Онда не жатыр? (медициналық құрал)* *Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл заттардың барлығы қай ертегіден алынған?* ***(Доктор Айболит).*** *Балалар, айтыңдаршы, бұл ертегіде не болды? Жануарлар ауырып қалды, доктор Айболит оларды емдей бастады, содан кейін Африкаға барып, балаларды да емдеді.* ***Тосын сәт.*** ***Есік қағылады.*** *Бұл кім екен? Балалар бізге қонаққа дәрігер Айболит келді.* ***Дәрігер Айболит:*** *Сәлеметсіздер ма балалар. Мен сендерге қонаққа келдім, мен аңдарды емдеп, енді сендердің денсаулық-тарыңды тексеруге келдім.* ***Дид ойын: «Дәрігер заттарын ата»*** ***Шарты:*** *Дәрігер заттарын атап айту* *Қазір мен сендердің күлімдеген көздеріңді, қызғылт түсті беттеріңді және әдемі күлкілеріңді,*	*Бүгін таңертең біздің топтың есігінде мен әдемі себет таптым, бірақ онда не бар екенін сендермен бірге көруді шештім.* ***Себетті ашу. Бұл не кітап? (ертегілер кітабы)*** *Балалар, сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме?* *Тәрбиеші: Ертегілер сиқырлы елде – орманның артында, егістіктің артында, биік таулардың артында тұрады.* ***Ой қозғау.*** *Тәрбиеші: -Олай болса қандай ертегі білетіндеріңді тексерейік.* *Себетте ертегілердің сюжетті суреттері бар. Педагог ертегідегі жолдарды айтады.* ***1. «Ата ... отырғызды.*** *Ол үлкен және биік болып өсті ... »(« Шалғам »)* ***2. Түлкі мені қараңғы ормандар арқылы апарады.*** *Терезеден қара, мен саған бұршақ беремін* *(мысық, әтеш және түлкі)* ***3. «... Кенет оны түлкі кездестірді»*** *Сәлем, досым! Сіз қандай әдемісіз »Ол бірден оған ән айтады ... » (Бауырсақ)* ***4. «Олар өмір сүрді - ата мен әже болды, олардың ...*** *Ол жай емес, алтын жұмыртқа тапты...» (Алтын жұмыртқы)* ***5. «... Аю төбеде отырып, оны басып қалды,*** *Барлық жануарлар одан әрең секірді ... »(Үйшік)* *Сендер ертегілерді жақсы біледі екенсіңдер.*	*Сендер ертегіге қонаққа барғыларың келе ме?* *Б: Иә.* *Немен барамыз* *Б: Ұшақ кілемі, Мыстанның сыпырғышы, сиқырлы кілемше.* *Тамаша! Ал енді кілем төселген ұшақпен ұшайық. Мұнда бізде кілем бар.* *Біз отырамыз, көзімізді жұмып, сиқырлы сөздерді айтамыз:* ***«Бір, екі, үш! Кілем, кілем бізді алып кетіңіз, сиқырлы ел ертегілер мен ғажайыптарға толы жерге апарыңыз!*** ***Тосын сәт*** *Сиқырлы музыка естіледі.* *Міне, біз ертегілер еліне келдік. Қараңдаршы, міне, балалары бар ешкі үйі? Ешкі балаларына шөп жинауға кетіп қалған болуы керек. Балалар, ешкі туралы не айта аламыз, ол қандай?* ***Балалар: қамқор, мейірімді, үнемді, еңбекқор.*** ***Ой қозғау. АКТ технологиясымен жұмыс.*** *Жеті лақ ертегісін түсіндіру.* *-Ешкінің төлін не дейміз?* *-Ол лақтарына не деп ескертті?* *-Ешкі үйіне келгенде лақтары анасының келгенін қайдан біледі?* *-Қасқыр үйге қалай кірді?* ***Сөздік:*** *Төлі, маңырайды, лақ, жіңішке, аңдиды., қарақтарым, шырақ-тарым, пеш, ну орман.* ***Ғажайып сәт.*** ***Ән естіледі - ешкі жылайды.***	***Тосын сәт.*** *Айгерім қуыршақ келеді.* *Балалардан көмек сұрайды.* *Суреттегі қандай ертегі екенін білмей жатыр екен.* *Көмектесеміз бе?* ***«Суретпен жұмыс»*** *Бұл қандай ертегі?* *Ертегіні суреттеріне қарап айтып беру?* *Балалардың жауаптары.* ***Мига шабул*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?» жұмбақ жасыру.*** *Өзі бір күй,* *Жүрген жері айғай-шу.* ***Тақтамен жұмыс.*** *Тақтаға түлкі мен түлкішектер бейнеленген сурет ілу.* *- Мына суретке қараңдаршы, мұнда не бейнеленген?* *-Түлкінің баласын қалай атайды?* *-Түлкі қандай?* *-Біз түлкі туралы көп ертегі оқығанбыз. Естеріңе түсіріңдерші, қандай ертегілерді білесіңдер?* *Балалардың жауаптары.* *-Өте жақсы. Олай болса мен сендерге бүгін түлкі туралы тағы бір ертегіні айтып беремін.* ***«Түлкі мен ешкі» ертегі.*** *Айтып беру.* ***Ой қозғау.*** *Мазмұны бойынша сұрақтар қою:* *Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?* *Түлкі қайда түсіп кетеді?*

	тістеріңді қарағым келіп тұр. Балалар қуана қарсы алады. Дәрігер Айболит балаларға жақындап, олардың бастарын сипалап, денсаулықтарын сұрайды. Айболит енді сенderден көмек сұрағым келіп тұр. орманда бір маймыл бүкіл заттарды араластырып жіберіпті, соны өз орнына қоюға көмектесіңдер. **Дид ойын: «Өз орнына сал»** **Шарты:** Заттарды өз жұбына қою. Мыс: Балға –балта, ручка-дәптер, шприц-дәрі т.б Айболит: Балалар: Аңдарға күнде нүктелі жаттығу жасаймыз, ал сіздер жасайсыздар ма? Әрине дәрігер біз күнде нүктелі жаттығулар жасаймыз. **1. Мұрын саусақ ұшымен айналдырайық;** **2. Қасымызды бармақпен айналдырайық;** **3. Құлағымызды саусақ ұшымен айналдырайық;** **4. Маңдайымызды саусақ ұшымен айналдырайық.** **Дәрігер Айболит:** жарайсыңдар балалар, сендер жаттығуды жақсы біледі екенсіңдер, мен сенderге ризамын сол үшін сенderге тазалық сақтайтын құралдарды беремін, мен енді кетейін аңдар мені күтіп жатыр, ал сенderге айтарым, өздеріңді таза ұстаңдар, ауырмайық, әрдайым көтеріңкі көңіл күйде болыңдар, жақсы сау болыңыздар. **Қортынды** Сұрақ- жауап Балаларды мадақтау.	- Балалар, қараңдаршы, себетте тағы қандай ертегі тығылып жатыр? Ол үшін жұмбақты табуымыз керек. **Мига шабуыл.** Өзі құ, жүрген жері уда шу. **Түлкі.** Қоржыннан жұмсақ ойыншық - түлкіні шығарады. Жарайсыңдар балалар. Түлкі бізге ертегіден жүгіріп келді. Ал түлкіні қандай ертегіде кездестірдік? (Бауырса, үшік, мысық, әтеш және түлкі.) Иә, расында да, бұл ертегілерде біз түлкіні кездестіреміз, бірақ біздің қонағымыз ертегіден жүгіріп келіп, қоянды ренжітіп, үйден қуып жіберді. Балалар, сендер бұл ертегінің атын білесіңдер ме? Сендер оны тыңдағыларың келе ме? «Түлкі мен қоян» АКТ технологиясымен жұмыс. ертегіні көрсету. Ертегі оқу. Оқыған кезде - ертегінің сюжеті бойынша иллюстрацияларды көрсету. **Сергіту сәті. Музыкамен.** Ертегі әңгіме. Тәрбиеші: Балалар, біз танысқан ертегі қалай аталады? Сізге ертегі ұнады ма? Ертегі қалай басталады? - Ал біздің ертегідегі қоян қандай болды? Оған не болды? - Түлкі оны үйінен қуып жіберді (мұңайды, жылады) - Қоянды қуып шыққанда түлкі жақсы болды ма, жаман болды ма?	Балалар, не болды? Ешкі неге жылайды? Ешкі мен лақтарға қалай көмектесеміз? Балалардың жорамалдары. Біз қасқырды табуымыз керек. Қараңдаршы, қасқырдың қандай зұлым, айлакер, ол балаларды алдады, ол балалардың іздейтінін біліп, бәрін шатастырып алуды шешті. **Міне, бірінші кедергі.** Біз тапсырмаларды қалай орындаймыз? Біз батыл, епті міз, балаларды табамыз, зұлым қасқырдан құтқарамыз! **Балалар, сендер ешкі не жейтінін білесіңдер ме?** **Дид ойын: «Артығын тап»** Шарты: Жеуге жарамсыз затты сызып тастау және себебін түсіндіру? **Жарайсыңдар балалар! Біз бұл тапсырманы орындадық.** **Міне, екінші кедергі.** **Қауіпсіздік үшін** **Дид ойын: «Иә – жоқ»** **Шарты:** Педагог қауіпсіз тәртіп ережелерін атайды және допты балаға лақтырады, ол иә немесе жоқ деп жауап береді. **Сұрақ – жауап** Ешкілер қасқырдың есігін аша алар ма еді? Сіз бейтаныс адамдарға есікті аша аласыз ба? Ата-ананың рұқсатынсыз серуендеуге бола ма? Сіз ата-анаңызбен бірге жүре аласыз ба?	Ол құдықтан қалай шығып кетеді? -Ал, ешкі қандай? Ешкі кімнің сөзіне алданып қалады? - Не себептен? -Құдық қандай екен? Түлкінің жасағаны дұрыспа?Неге? Балалардың жауаптары **Дид ойын. «Ертегі құрастыр» (пазл)** **Сергіту сәті:** Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір, екі, үш деп айтайық, Саусақтарды тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық. **Сахналау** Балаларды рөлдерге бөлу. Автордың сөзін тәрбиеші айтып тұрады. Балалар қызығушылықпен ойнайды. **Дид ойын: «Өз мекенін тап»** **Шарты:** Ешкіні үйге, түлкіні орманға жапсыру. **Қорытынды.** Айгерім қуыршақ көп ертегілермен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Сұрақтар ілегі арқылы қорытындылау Балаларды мадақтау.

		- Жаман (ол зұлым, мұлде мейірімді емес) - Ал қоянға не көмектесті? - Әтеш (-Ол қоянды құтқарды ма? - Иә, әтеш мейірімділік жасады, ол мейірімді – Ал оған тағы не көмектесуге тырысты, бірақ көмектесе алмады? - Қасқыр, аю, крокодиль - олар күшті, бірақ қорқақ; - Ал әтеш неліктен Түлкіні құып жіберді, өйткені ол аюдан немесе өгізден әлдеқайда кішкентай және әлсіз? - Демек, әрқашан үлкен және күштілер көмекке келе алмайды. Тек сондай-ақ батыл болу керек. Ал енді ертегіде түлкі мен қоян қандай болғанын көрсетейік. - Әтеш оны қояның үйінен құып шыққанда Түлкі қандай болды (Қорықты) - Қоян үйіне қайтып келгенде қандай болды. (Қуанышты) Қояның қарны аш болып қалған, оған сәбіз бен қырыққабат жасап берейік. ***Дид ойын: «Қоянды тамақтандырамыз»*** ***Шарты:*** *топ сәбіз мүсіндеу, 1топ қырыққабат жапсыру.* *Ендеше Түлкіге көмектесіп оғанда үй жасап берейік.* ***Дид ойын: «Түлкінің үйі»*** ***Шарты:*** *Геометриялық пішіндерден үй құрастыру.* ***Қорытынды бөлім*** - Балалар, міне біз «Түлкі мен қоян» ертегісімен таныстық және ол бізге	*Ал егер поштаның есікті қағып кетсе, сіз оған есікті аша аласыз ба?* *Бейтаныс адамдардан кәмпит алуға бола ма?* *Жарайсыңдар балалар, сендер бұл қиын тапсырманы орындадыңдар.* ***Балалар қараңдаршы, міне ешкілер! Қасқыр біздің жақын екенімізді көріп, орнына қасқыр маскасын қалдырды.*** *Балалар құтқарылды Біз батыл, епті балаларды таптық, олар зұлым қасқырдан аман қалды.* ***Ой дамыту.*** *Балалар, қараңдаршы, ешкілер бірдей ме, жоқ па? Және олардың бір-бірінен айырмашылығы неде?* *Балалар ешкілердің айырмашылығын атайды. Педагог балаларды олардың бойлары бірдей емес деген қорытындыға әкеледі.* ***Дид ойын: «Ешкімен лақтар»*** *Балалар ең үлкеннен кішіге дейін бойымен құрастырады.* *Ешкі шығып, балаларға рахметін айтады.* ***Дид ойын: «Лақтарды үйге кіргіземіз»*** *Шарты: Ешкінің үйіне лақтарды жапсыру.* ***Дид ойын: «Лақтарды тамақтандырамыз»*** *Шарты: Жасыл шөпті бояу.* ***Қортынды:*** *Міне, балаларды құтқардық.* *Балабақшаға қайтатын кез келді.* *Біз сиқырлы сөздерді Айтамыз.* *Біздің ертегіге саяхатымыз ұнады ма?*	

		нені үйретеді? (әділеттілікті , жақсылық.)		
Екінші таңғы ас	*Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Екінші таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орындарына отырып,дұрыс тамақтану.*			
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*			
	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*
Серуен	***Серуен № 9*** ***Күннің көзін бақылау.***	***Серуен № 11*** ***Құстарды бақылау.***	***Серуен № 4*** ***Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау***	***Серуен № 17*** ***Ауа райын бақылау.***
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. ***Көктемгі серуен картотекасынан***			
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*			
	Тазалық процедурасы. *Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*	*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту*	*Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.* *жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.*	*Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету.* *Түскі асқа дайындық.*
Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*			
	Әңгіме: *– Үнемді болу – тек ас ішкенде емес, ойыншықты, киімді, заттарды дұрыс пайдалану деген сөз. Ұқыпты адам – бәріне үлгі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде асығып жұтпаймыз, тамақты жақсылап шайнаймыз. Бұл денсаулық үшін де қауіпсіздік үшін де маңызды.*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында тәртіпті болу – үлкенге де, кішіге де жарасады. Тағамды талғамай, бізге берілген асты қадірлеп жеуіміз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы қасықты бұлғап сөйлемейміз, ол басқаларға қауіпті болуы мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, тағамды төгіп-шашпай, өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық ас алсақ, ол далаға кетіп қалады. Ысырап жасамау – ұқыптылықтың белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырған кезде орындықта дұрыс отыру керек. Қисайып отырсақ, ыдыс төгіліп, жарақат алуымыз мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдаланасақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде жан-жағымызға аландамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз.*

Күндізгі ұйқы	*Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.*	*Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*	*Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.*	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа ілін қоюды тысықтау*
